




ЖЕР БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ

10-бет



АБЗАЛ ҚҰСПАН: ПАНДЕМИЯҒА БАЙЛАНЫСТЫ ТҮТҚЫНДАР БОСАТЫЛУЫ КЕРЕК

5-бет



БАС САНИТАРДЫҢ РЕСЕЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЗІН МИНИСТР АУДАРЫП БЕРЕ МЕ?

3-бет

ҚАЗАҚҰНИ20

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ АПТАЛЫҚ

www.qazaquni.kz

qazaquni2000@gmail.com

2000 жылғы 11 тамыздан шыға бастады

№13-14 (883-884), 06.04.2020 – 13.04.2020



Өріс Яшүкірқызы:

КӨПЕН – КӨПТІҢ АДАМЫ

«Жалғанда жалғыз ер бар Көпен деген, Адам жоқ мұның сөзін көтермеген. Басын кесіп аламын біреу айтса, Көпені Оспанханның бөтен деген. Бата беріп аузына түкіргенмін, Содан кейін Көпенім жөтелмеген»...
Бұл – сатира падишасы Оспанхан Әубәкіровтің 1985 жылы «Көзі шегір көз шәкіртіме» деген арнау сөзі. ... Көпеннің білмейтіні жоқ. Құдай-ау, бәрін есіне ұстағыш, сақтағыш. Мен таңқаламын. «Қалай бәрін есінде сақтап қалады екен?» деп. Тұнып тұрған шежіре.

8-9
бет

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК!

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН НАҚТЫ АНЫҚТАУ ҮШІН КОНСТИТУЦИЯДАН 7-БАПТЫҢ 2-ТАРМАҒЫН АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК!



«Қазақ үні» сайтындағы «КОНСТИТУЦИЯДАН 7-баптың 2-тармағын АЛЫП ТАСТАП, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАУ КЕРЕК!» атты Ашық хатты кеше 9 сәуірде фейсбук парақшама жариялағаннан бері екі тәулікте сайттағы мақаланы 150 мыңға жуық адам оқып, 1000-ға жуық қолдау пікір жазылып, 23000 адам қол қойды!
Ал менің Фейсбук парақшамды осындай қысқа уақытта 2500-дей қолдау, 1 мыңдай коммент, 1800-дей бөлісіп жариялау болды!
2011 жылы дәл осындай талаппен Мемлекеттік тілді қолдаған, ақиық ақын Мұқтар Шаханов бастаған әйгілі 138-дің Ашық хатымен салыстырғанда, 200 еседей көбейіп, зор тарихи рекордтық деңгейге көтерілді!
Бұл тоғыз жылда Қазақ халқының ұлттық санасы осынша деңгейге көтерілгені бүкіл елді қатты қуанышқа бөлеуде!

6
бет



ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУҒАНДА ЕЛ ІШІНДЕ БАРРИКАДАЛАР БОЛМАУЫ ТИІС

Мемлекетті босқа сынаушылар – коронавирусқа жанама вирус қосушылар...
«Құдай берсең – жатқанға бер» – деп, үйде жатқан жағдайымыз бар! Әрине, журналистердің жұмысқа мінетін аты – компьютері үйінде, жұмысын жалғастыра беруде. Ал қалам ұстағандардың жағдайы жаман болмағанмен, қалақ ұстағандардың, кетпен-күрек, құрал-сайман ұстағандардың жағдайы қиын болуда. Нәсібін түзден тапқан кәсіп иелерінің жұмыстары тоқтап тұр, жағдай өте күрделі. Қазір жұмыстан бұрын ең күрделі мәселе – күнделікті азық-түлікті тауып жеуіміз болайын деп тұр...

4
бет



БОКС БЕКЗАДАСЫ БЕКЗАТ

Бүгін БОКС БЕКЗАДАСЫ БЕКЗАТТЫҢ туған күні! Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қазақ Олимпиада чемпионы Бекзат Саттарханов тірі болғанда қырық жасқа толар еді!..
Олимпиада чемпионы Бекзат Саттарханов пен Олимпиаданың күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдабеков екеуі 2000 жылы Сиднейден жеңіспен оралған кезде қалың елмен бірге қарсы алғанымыз бар еді.

16
бет

COVID-19: НА СЕЛЕ – МЯГКИЕ ФОРМЫ ЧП, А ШКОЛЫ – ОТКРЫТЬ

На наших глазах происходят события, которые изменят мир. Скорей всего, карантины во многих странах – это надолго, от 2 до 6 месяцев, а может и больше. Этого достаточно, чтобы изменить не только экономическую основу этих стран и всего мира. К сожалению, у нас мало компетентной аналитики будущей картины мира и нашей страны.



14
бет

ХАЛЫҚТЫҢ МЕМЛЕКЕТКЕ ҚОЛДАУ КӨРСЕТУІ АСА МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елімізде тарай бастаған коронавируспен, соған орай экономикалық қиын жағдайға байланысты мәлімдеме жасап, індетке қарсы күрес шаралары мен қиын-қыстау кезеңде мемлекет тарапынан халыққа қандай нақты көмек

«Барша қазақстандықтарға сабыр сақтап, түсіністік танытқаны үшін алғысымды айтамын. Біз дүрбелең тудыруға жол бермейміз. Дәл осы кезде халық мемлекетке қолдау көрсетуі керек. Бұл – аса маңызды» деген Қ-Ж. Тоқаев дәрігерлер мен медицина қызметкерлерінің қайсарлығы мен ерен еңбектеріне жоғары баға берді. Сондықтан, пандемияға қарсы күрестің алдыңғы легінде жүргендерге қосымша қолдау көрсетіп, оларға 3 ай бойы қосымша үстеме ақы төленетінін жеткізді. «Инфляцияның артуына байланысты зейнетақы, мемлекеттік жәрдемақы және атаулы әлеуметтік көмек мөлшерін 10 пайызға индексациялауды тапсырдым. Осыған орай, аталған санаттағы азаматтардың табысын арттыру үшін мемлекет тарапынан 200 миллиард теңгеден астам қаражат бөлінеді. Табысынан айырылған азаматтарға ең төменгі жалақы мөлшерінде қолдау көрсеттік. Енді, 42500 теңге көлеміндегі осы көмекті алатын азаматтардың



санатын кеңейтуді тапсырамын», – деді Президент. Мәлімдемеде айтылғандай, жалпы алғанда, 3 миллионға жуық адамдарға көмек көрсетілетін болады. Сонымен қатар, Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесі бойынша сақтандырылмаған азаматтардың медициналық көмек алу құқығын 1 сәуірден 1 шілдеге дейін ұзартылады, медициналық көмек азаматтарға бұрынғыдай қол жетімді болып қала береді.

Мәлімдемеде шағын және орта бизнеске қолдау, кәсіпкерлерге көмек көрсету де сөз болды. Тоқаев шағын және орта бизнес өкілдерін биылғы 1 қазанға дейін еңбекақы төлеу қорынан ұсталатын салықтан босатуды

тапсырды. Мұндай қолдау сауда, көлік қызметі, қонақүй, туризм және Ауыл шаруашылығымен айналысатын кәсіпкерлерге де қатысты. Атап айтқанда, осы мақсатта бюджеттен 70 миллиард теңге бөлінеді. Үкіметке жанармайдың нарықтық бағасын он бес пайызға арзандату жүктелді. Енді осы аталған шараларды нақты іске асыру керек.

Ия, халықтың мемлекетке қолдау көрсетуі аса маңызды. Соған орай, мемлекет тарапынан да қиналған қарапайым тұрғындарға жан-жақты материалдық көмек көрсетуі де аса қажет. Билік пен халық арасында толық түсіністік болған жағдайда ғана кез келген қиындықты жеңіп шығуға болады.

АРДАГЕРЛЕР АТАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ

Парламент Мәжілісінің жалпы отырысында депутаттар Екінші дүниежүзілік соғысының ардагерлеріне Жеңіс күні қарсаңында берілетін біржолғы ақшалай көмекті біркелкі мөлшерде бөлуді ұсынды.

«Жергілікті атқарушы органдар жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында Екінші дүниежүзілік соғыс ардагерлеріне, оларға теңестірілген адамдарға және тыл еңбеккерлеріне біржолғы ақшалай көмек көрсетеді. Ардагерлермен кездесулер барысында олар әр

өңірде төлемдер әртүрлі екенін айтып отыр.

Себебі, оның мөлшерін жергілікті органдар айқындайды. Биыл Жеңіс күніне орай берілетін төлемдер қандай мөлшерде болады? Біздің ойымызша, мұндай төлемдердің бірыңғай мөлшерін айқындау орынды», – деді Мәжіліс депутаты Балайым Кесебаева.

ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі Біржан Нұрымбетов Үкіметте Жеңіс күніне берілетін төлемдер Қазақстан бойынша біркелкі болғанын назарға

алып отырғанын жеткізді.

«Қазіргі қиын жағдайға қарамастан, Екінші дүниежүзілік соғыстың қатысушыларына, мүгедектеріне ең төменгі сома 300 мың теңгеден кем болмайды Бірақ өңірлерде егер мүмкіндіктері болса, кейбір облыстар одан да жоғары береміз деп жоспарлауда», – деді министр. Парламент Мәжілісінің төрағасы Нұрлан Нығматулин бұл ұсынысты қолдап, іске асырылуын қадағалау керектігін тапсырды.

ЗАҢ БҰЗҒАН КӘСІПКЕРЛЕР ЖАЗАЛАНДЫ

Қазір еліміздің көптеген қалаларында карантин жарияланып, коронавирустан сақтанудың шұғыл шаралары қолданылып жатыр. Осыған қарамастан, Шығыс Қазақстан облысында 10 кәсіпкер төтенше жағдай режимін бұзған.

«Өскемен қаласындағы караоке клубының иесі төтенше жағдай кезіндегі шектеуге қарамастан 22.00-ден кейін жұмысын жалғастыра берген. ҚР Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің 476-бабын бұзған кәсіпкер 15 тәулікке қамауға алынды», – деп хабарлады ШҚО Полиция департаментінің баспасөз қызметі. Сонымен қатар, Глубокое ауданындағы интернет клубы да заңмен бекітілген уақытта жабылмаған. 23 жастағы кәсіпкер әкімшілік жауапкершілікке тартылып, 3 күнге қамалды. Облыс бойынша төтенше жағдай режимін бұзған 10 кәсіпкер анықталған. Сол сияқты, Шымкентте төтенше жағдай режимін бұзған 300-ге жуық кәсіпкерге айыппұл салынды. Төтенше жағдай кезінде сауда және қызмет көрсету нысандарының жұмыс уақыты шектелген. Бұл орындардың кіре берісінде қолды антисептикалық өңдейтін құралдар қойылып, келушілердің дене қызуы контактісіз пирометрмен өлшенуі талап етіледі. Сондай-ақ, қызмет көрсетушілер мен келушілер медициналық бетперде тағып жүруге міндетті.

КӘСІПКЕРЛЕР КӨЛІК ТАРТУ ЕТТІ

Алматы қаласының әкімдігінің сұранысы бойынша ҚР «Атамекен» Ұлттық Кәсіпкерлер Палатасы Президиумының Төрағасы Тимур Құлыбаев пен бизнесмен Қайрат Боранбаев Алматының медициналық мекемелеріне толықтай заманауи медициналық жабдықтармен жасақталған «Ford Transit» жәрдем көрсететін автокөлігінің негізінде жасалған сегіз жылжымалы орталықты табыстады.



жүргізуші және медициналық персоналды қорғайтын арнайы қорғаныс заттарымен, сондай-ақ дәрі-дәрмектер мен салон және заттарды дезинфекциялау үшін 2000 литр ерітіндімен жабдықталған.

«Ford Transit» негізіндегі медициналық жедел жәрдем автокөліктері барлық қажетті медициналық жабдықтармен жасақталған, солардың ішінде электрокардиограф (ЭКГ), өкпені жасанды инвазивті және инвазивті емес желдету портативті аппараты, оттекті ингалятор, ларингоскоп, аспиратор, салмалы зембілі бар арба және басқа да медициналық техникалар бар. Бұл автокөліктер экспресс тест және ПЦР диагностика жасауға, биоматериал сынамасын алуға мобильді орталық ретінде жұмыс істеуге арналған. Әрі

Жаңа арнайы медициналық автокөліктер Шымкент қаласында «Казмедприбор» ЖШС базасында жабдықталып, жасақталған. Әрі оттегі мен жасанды желдетуді қажет ететін өкпе ауруына шалдыққан пациенттерді тасымалдауға арналған. Алматы мен қаладан тыс және маңайындағы аудандардан өкпе ауырына шалдыққандарға тез арада диагностика жасау мен оларды тасымалдау үшін беріліп отыр.

ҚМДБ МӘЛІМДЕМЕ ЖАСАДЫ

Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы Шарифат және пәтуа бөлімі қауіпті жұқпалы аурулардан қайтыс болғандарды жерлеу туралы пәтуа шығарды.

«Шарифат бойынша қайтыс болған мұсылманды жуындыру, кәбіндеу, оған жаназа намазын оқу және оны жерлеу – пәтуа кифая. Ғұламалар кеңесі өте қауіпті жұқпалы аурулардан қайтыс болған адамдардың мәйіттерін жуындыруға және жерлеуге қатысты төмендегі шараларды жүзеге асыруды мақұлдайды: Біріншіден, мәйітті жуындыру. Өте қауіпті жұқпалы дерттен қайтыс болған адамды жуындыру рәсімі арнайы мемлекеттік мекеменің санитариялық-эпидемиологиялық талаптарына сәйкес жүзеге асуы тиіс. Мәйітханада жуындыру шарасы шарифат талабына қайшы келмесе, мәйітті қайта жуындыру шарт емес. Қайтыс болған ер кісі ер кісі, әйелді әйел жуындыруы керек. Екіншіден, мәйітті кәбіндеу. Шарифат бойынша мәйіт кәбінделуі міндет. Ер кісі үш қабат матамен, ал әйел бес қабат матамен кәбінделеді.

Алайда, жұқпалы дерттен қайтқан кісіні кәбіндеу ісінде санитарлық қағидалар сақталуы тиіс. Егер мейітханада кәбінделген мейіт шарифатқа сай болса, қайта кәбіндеу шарт емес. Үшіншіден, қауіпті індетке байланысты жаназа намазына марқұмның ең жақын туыстарының қатысуы жеткілікті. Сақтық шаралары үшін адам санын барынша азайту қажет. Қалалық жағдайда індеттің таралмауы үшін марқұмды мейітханадан тікелей зират басына апарып, сол жерде жаназа намазын оқып, жерлеуге шарифатымызда рұқсат етілген. Жаназа рәсімдерін жергілікті имам атқарады. Намаз оқыған кезде санитарлық нормаға сай мейіт имам мен жамағаттан қашық жерге қойылады. Төртіншіден, мейіт зиратқа арнайы көлікпен жеткізілуі тиіс. Мәйітті жерлеу рәсімінде биоқауіпсіздік шаралары қатаң сақталуы тиіс. Сондай-ақ мейіт қайтыс болған мекенінде жерленуі тиіс. Санитариялық-эпидемиологиялық мекемесінің рұқсатынсыз мейітті үйіне апармаған дұрыс. Мұндағы мақсат – жұқпалы індеттің өзге аймақтарға таралуының алдын алу.

«ӘЗІЛҚОЙ» ПОЛИЦЕЙ ҚЫЗМЕТТЕН ҚУЫЛДЫ

Сыныптасымен бірге қалжың видео түсіріп, әлеуметтік желіде таратқан Ұзынкөл ауданының тәртіп сақшысы жұмыстан шығарылды.

Облыстық полиция департаментінің мәліметінше, Ершов ауылы учаскелік полиция инспекторы сыныптасымен бірге 28 жыл бұрын жасырылған құты тауып алған. Ертегіде айтылатындай құтыда қамалған қызы шығып кетті ме, тәртіп сақшысы әзіл-қалжыңға ерік береді. «Видеодан бөшкенің спиртпен толтырылғанын байқауға болады. Олар спирттің жартысын өртеп, коронавирустың жоламайтынын айтып, қалжың видео түсірген. Кейін спиртті төгіп тастаған. Ал полиция түсірген видео әлеуметтік желілерде тарап кетті», – деп атап өтті полицияның баспасөз қызметіндегілер. Аталған факті бойынша қызметтік тергеу жүргізіліп, учаскелік инспектор этикалық нормаларды бұзғаны үшін қызметінен босатылды.

КОММУНАЛДЫҚ ТӨЛЕМ КЕЙІНГЕ ШЕГЕРІЛДІ

Төтенше жағдайға байланысты Алматыда коммуналдық төлемдерді төлеу кейінге шегерілді. Бұл туралы Алматы қаласы Тұрғын үй саясаты басқарма басшысының орынбасары Мейіржан Отыншиев брифингте мәлім етті.

Ресейдің астанасы Мәскеуде оқуының айтуынша, қала әкімдігі тұрғындарды қолдау бойынша бірқатар шараларды қабылдаған. «Алматы Су» МКК, «Алматы жылу желілері» ЖШС, «Алматыэнергосбыт» ЖШС, «ҚазТрансГаз Аймақ» АҚ Алматы өндірістік филиалы және «Алматытелеком» АТД төлем жасауды кейінге қалдырды», – деді М.Отыншиев. Бұл бастаманы лифт ұйымдары да қолдады. Олар қала

тұрғындарына айыппұл санкцияларын қолданбай, екі айға төлемді кейінге шегерді. Тұрғын үйді жөндеу және күтіп ұстау қорынан аула сыпырушылардың, клинингтік компаниялардың еңбекақысы, авариялық қызметтердің, лифтілер мен көтергіштер сияқты қауіпті техникалық құрылғыларға қызмет көрсететін ұйымдардың шақырулары, сондай-ақ кондоминиумның тыныс-тіршілігін қамтамасыз ету және ортақ мүлікті қауіпсіз пайдалану, онда тиісті тәртіпті сақтау, дезинфекциялық құралдарды пайдалана отырып, санитарлық ылғалды тазалау үшін қажетті басқа да шығындар төленетін болады. Бұл бастама еліміздегі басқа қалаларда қолдау тапса игі.

Бүгінде 75 пайыздан асатын қазақтардың мемлекеттік тілдегі ақпарат алу құқын шектеуге кім рұқсат берді? Таяуда ҚР Президенті жанындағы Орталық Коммуникациялар Қызметінде Мемлекеттік бас санитарлық дәрігер Айжан Есмағамбетова еліміздегі коронавирустық жағдайға байланысты брифинг өткізді.

Иә, Кеңес империясының қыбырден айтайық, брифинг Қазақ Елінде емес, Ресейде өтіп жатқандай болды. Өйткені, мемлекеттік тілді жиып қойып, тек орыс тілінде ақпарат беруші Қазақстанның Бас санитары Айжан Есмағамбетоваға қарасаныз, Тәуелсіз Қазақстанның астанасында емес, Ресейдің бір губерниясында отырғандай... еркін отырды...



БАС САНИТАРДЫҢ РЕСЕЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЗІН МИНИСТР АУДАРЫП БЕРЕ МЕ?

1. Қазақстанның Мемлекеттік Бас санитары Айжан Есмағамбетоваға Мемлекеттік тілді, яғни Конституция мен Тіл туралы заңды аттап-таптап өтуге кім рұқсат берді?!

2. Қазақстанға 30 жылдың ішінде көшіп келген, бүгінде 2 миллионға жуықтап қалған қандастарымыздың

және Тәуелсіздік алғалы 30 жылда қалыптасқандай, орыс тілін білуді қажет санамайтын ауылдағы қазақтарды қосқанда, 10 миллионнан аса азаматтарды айтпағанда, бүгінде жалпы 75 пайыздан асатын қазақтардың мемлекеттік тілдегі ақпарат алу құқын шектеуге кім рұқсат берді?

Президент жанындағы Орталық Коммуникациялар қызметінде брифинг өткізушілерге белгілі бір заңды талаптар болмай ма? Қытай немесе шүршіт тілінде де өткізе беруге бола ма?

3. Егер Айжан Есмағамбетова МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ БІЛМЕСЕ, МЕМЛЕКЕТТІК БАС

САНИТАР ЕТІП ОНЫ КІМ ТАҒАЙЫНДАДЫ?

А. Есмағамбетованы жауапты лауазымды мемлекеттік қызметке қойып отырғанда одан Мемлекеттік тілді білу Президент Әкімшілігінде, Үкіметте, Мемлекеттік қызмет агенттігінде және Денсаулық министрлігінде талап етілмеген бе, жоқ мұндай талап біздің Тәуелсіз

Қазақстанда 30 жылдан бері әлі жоқ па?!

Өткенде Ақмола облыстық, Қарағанды облыстық денсаулық саласы басшылары мен Алматы қалалық бас санитары Сәуле Қисықова да (өзім байқағандар) Мемлекеттік тілді аттап өтіп, тек Ресей тілінде сайрап-сайрап кеткен болатын... Соған қарағанда, біздің Денсаулық сақтау министрлігі Қазақстан заңдарын сақтауды жиып қойған ба?

Ендеше, Мемлекеттік тілге миы жетпейтіндерді, тек Ресей тілін білсе жеткілікті деп санап, қызметке ала беретін болса, Денсаулық министрі Елжан Біртанов немесе Айжан Есмағамбетованы осындай қалың елдің жауапкершілігін жүктеген лауазымды қызметке алғызған Президент Әкімшілігі мен Үкіметтегі жауапты басшылар брифингке келіп, Бас санитардың сөзін Мемлекеттік тілге аударып беріп отырсын. Әйтпесе, Бас санитардың Ресей тіліндегі сөзін түсінбеген 10 миллионнан аса ел (70 пайыздан кем емес) қалай емделмек?

Еліміздегі 75 пайыз Қазақстан азаматтары осыны талап етеді! Біз, Қазақстанның Мемлекеттік тілін талап етушілер, бұдан былай еліміздегі Ақорда мен Үкімет, парламенттен бастап, барлық жиындарды қадағалап отыратын боламыз!

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық Кеңес мүшесі.
«Қазақ үні»

ҚҰЛ ҚОЖАЙЫН ТІЛІНДЕ СӨЙЛЕУГЕ ҚҰМАР АЛ СЫННАН ҚОРЫТЫНДЫ ШЫҒАРҒАН ОРТАЛЫҚ КОММУНИКАЦИЯЛАР ҚЫЗМЕТІНЕ РАХМЕТ АЙТАМЫЗ

Пандемия деген әлемдік індеттен үрейленіп, үйінде отырған елдің зор назарын аударған «БАС САНИТАРДЫҢ РЕСЕЙ ТІЛІНДЕГІ СӨЗІН МИНИСТР АУДАРЫП БЕРЕ МЕ?» деген мақаламызды бір тәулікте «Қазақ үні» сайтында 10 мыңнан аса оқырман оқып, көптеген пікір жазылды. Ал Фейсбук парақшамызда 300-дей пікір жазылып, кемінде 200-ден аса адам бөлісіп жариялады.

Бір жақсысы, билік айтқан сынымызды бірден қолға алды. Президент жанындағы Орталық Коммуникациялар қызметіне рахмет, біздің сынымызда айтылған кемшіліктерін бірден түзеді. Кеше Орталықта брифинг өткізгендердің бәрі алдымен мемлекеттік тілде сөйледі. Тіпті, «Қазпошта» басшыларына көп рахмет айтамыз! Олар жәрдемақы мен зейнетақы төлеу мәселелерін мемлекеттік тілде жақсылап түсіндіріп болғасын, орыс тілінде сөйлеуге рұқсат сұрады. Тарихта тұңғыш рет деп қосып қойсақ та болады!

Жүргізуші модератор Әділбек Әбділовке (жоғары суретте) рахмет. Қазақ тілінде сөйлеуге қашыңқырып, шетте шеттеп отырған Цифрлық даму министрлігінің бір жауапты қызметкерінен мемлекеттік тілде сөйлеуді талап етті. «Жаудың қолына» түскендей қиналса да, әйтеуір қысқа болса да сөйлеген оған да рахмет! Цифрлық даму министрінің орынбасары да (аттары экранда жазылмады, басында таныстырып кеткен болар) модератордың сұрауымен алдымен қазақ тілінде түсіндірді,

рахмет!

Ал бүгін менің сын мақаламда аты аталған, бүгінге дейін үнемі тек Ресей тілінде сөйлеп келген Алматы қалалық бас санитары Сәуле Қисықова тек қазақ тілінде сөйледі. Сынан лезде қорытынды шығарған Қисықованың түзелгеніне көп рахмет айтамыз! Тек «бір қарын майды шіріткен бір құмалақ» – Ақмола облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Сүлен Ильясов (суретте) болды! Қазақстанның Ақмола облысы емес, Ресейдің бір губерниясында тұрғандай шет тілінде сайрады да, мемлекеттік тілде бір ауыз да сөйлемей жоқ болды. Мемлекеттік тілде сөйлеу ойында да жоқ Сүлен Ильясовтың мәселесін тиісті орындар қарайды деп сенеміз. Әйтпесе, мемлекеттік тілді қорлаған мемлекеттік қызметкерлерді сотқа берушілер сол солтүстіктің, Көкшетаудың өзінде де көбейіп тұр қазір...

Иә, Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл болса да, Мемлекеттік қызметкерлер Мемлекеттік тілде сөйлесе, осылай рахмет айтатын мүшкіл жағдайда жүрміз әлі де...

Дегенмен, бұндай оң өзгеріске қарап, «Еститін үкімет» деген ұстанымға елдің енді үміті ояна бастады деп білейік!

Бір қуанарлығы, осы бір тәулікте менің мақалама жазылған 300-дей комментте елдің бәрі 100 пайыз қолдау білдірді. Тек болашағынан үміт күтіп жүрген өзіміздің заңгер ініміз Макиш Ескараевтың қазақ тілін қолдағанымызға қарсы болғаны ғана қарын аштырып, қанымызды қайнатты!.. Бұл да болса жақсы көрсеткіш – қарсылар 1 пайызға да жетпейді.

Бұл ініміз тек өз комментін ғана оқиды ғой деймін, «Бас санитардың Ресей тіліндегі сөзін түсінбей отырған ешкімді көріп отырған жоқпын бұл жерде» деп соқты бұл етпей! Осында Саяхат Сәзімхан секілді Қазақ Елін ансап келген талай қандасымыздың: «Біз Қазақстанға Ресей тілін үйренуге келген жоқпыз – Қазақ тілін талап етеміз» дегенін және басым көпшіліктің «Бас санитардың шет тілінде айтқанын түк те түсінген жоқпыз, сонда ол кімдерге айтуда? Ресейдің Бас санитары ма ол, ендеше, сонда барып айтсын» дегендерін оқымаған немесе өзіне жақпағасын оқығысы келмеген болар.

Ал оның «Қазақ тілділер ғылымды білмейді» деген құлдық ұстанымының быт-шытын шығарып, ұлттық мүдде туралы сауатын ашып, «ликбез» өткізген әйгілі қазақ тілінің күрескері Руза Бейсенбайтегі апайымыз бастаған белгілі журналистер Әбдіғаппар Айдаров, Гүлмира Садық, Махамбет Ерғали мен Райполда Бижанов және тағы басқаларға мың да бір алғыс айтамыз, Алла жар болсын!

Қазақтың қаржысын ойып алып отырса да, Қазақ тілі туралы әңгіме шыға қалса, бірден бар жұмыстарын жиып қойып қарсы шығатын бірнеше басылымдар бар бізде! Солардың бірі «Караван» қазақтың белгілі қаламгері Дүрәлі Дүйсебайдың брифинг өткізушілердің көбісі орыс тілінде сөйлегендіктен, қазақ тілділер ақпарат ала алмай отырғанына қарсы Канат Тасибеков дегеннің «Қазақ тілінде сөйлемей-ақ қойсын, адам емдесе болды» деген ұстанымын білдіре қойды...

Оның «90 пайыз қазақстандықтар орыс тілін түсінеді» деген қызармай айтқан қып-қызыл өтірігін неге сүйеніп айтқанын бір құдай білсін... Керісінше, 90 пайыздай қазақ тілді (елдің 88 пайыз қазақ тілін тұтынағыны ресми дерек) екенінде шаруасы жоқ ол «90 пайызды» өз айналасымен есептесе керек... Бұл туралы әңгіме кейінірек бөлек болады.

Қазақтың пұлын жақсы көргенмен, тілін ұнатпай, қарсы шығудан танбайтын БАҚ-тарды тәртіпке шақырып, шаңыраққа қаратып қоятын кез баяғыда келді.

Сонда Тәуелсіз елімізде әлі Ресей тілінде сөйлеп жүрген мемлекеттік қызметкерлер Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Қазақ тілі – ұлтаралық қатынас тілі болуы керек» дегенін естігендер ме?

Әлде олар жалпы Қазақстанның Тәуелсіздік алғанын білмей ме?

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІ ТАЛАП ЕТСЕҢ, ЖАУДЫҢ ТІЛІН СҰРАП ЖАТҚАНДАЙ ЖАНДАРЫ ШЫҒАТЫНДАР ЖАУЛАР МА СОНДА?!

Иә, Тәуелсіздік алғанымызға 30 жыл өтсе де «Мемлекеттік тілді заңмен мәжбүрлеуге әлі ерте» деп, Қазақ тілінің мемлекеттік деңгейде дамуына қарсы болатындарды – Қазақ тіліне – Мемлекеттік тілге – Мемлекеттік мүддеге қарсы шығатындарды жаулар демей, кім дейміз сонда? Ондай құл саналылар біздің билікте, Үкіметте, министрлер мен әкімдер, депутаттар арасында, мемлекеттік қызметкерлердің ішінде әлі көп өкінішке орай!

Бұдан шығатын қорытынды – ең алдымен Мемлекеттік тілді білуге

мәжбүрлейтін Мемлекеттік тіл туралы заң керек. Өйткені олар, алдымен ана тілдерін білмейтін құлдық саналылар әрқашан өздерін ақтап алуға, сөйтіп өздерінің рухани мүгедектіктерін заңды етуге, яғни солай болуға тиіс деп, олардың мұндай Ресей тілінде сөйлей беретін комфорттық жағдайларын өзгертуге қарсы шығуға дайын тұрады.

Себебі Құлдар қожайын тілінде сөйлеуге құлықты және құмар болады.

Осыдан он бес жыл бұрын өмір бойы орыстілділердің жағдайын жасаумен келе жатқан, сол үшін мемлекеттік тіліміздің мемлекеттік деңгейін төмендеткен Тұңғыш Президент – Елбасымыз Н.Назарбаев күйіп кеткен болуы керек: «Осы уақытқа дейін, он бес жылдың ішінде аю да қазақша үйреніп алатын уақыт болды ғой» дегені бар еді қол астындағыларға.

Ал қазір отыз жыл болды! Енді Қазақстан Президенті Қ. Тоқаев «Аюға намаз үйреткен – таяқ» дейтін кезеңге өтіп, Мемлекеттік тілді мәжбүрлейтін заң қабылдауды бастауы керек!

Мемлекет басшысының қатал пәрменімен індетіміздің – коронавирустың жайылуы кеміп келеді. Ал құлдық вирусты тек тегеурінді заң ғана жоя алады.

Өйткені, Қазақстанның мемлекеттік қызметкерлері отыз жылда қаншама миллиардтар жұмсалғанмен мемлекеттік тілде отыз сөз де үйренген жоқ!

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық кеңес мүшесі.



ЕЛ БАСЫНА КҮН ТУҒАНДА ЕЛ ІШІНДЕ БАРРИКАДАЛАР БОЛМАУЫ ТИІС МЕМЛЕКЕТТІ БОСҚА СЫНАУШЫЛАР — КОРОНАВИРУСҚА ЖАНАМА ВИРУС ҚОСУШЫЛАР...

ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙДАҒЫ ТӨТЕ ШЕШІМ

«Күдай берсең – жатқанға бер» – деп, үйде жатқан жағдайымыз бар! Әрине, журналистердің жұмысқа мінетін аты – компьютері үйінде, жұмысын жалғастыра беруде. Ал қалам ұстағандардың жағдайы жаман болмағанмен, қалақ ұстағандардың, кетпен-күрек, құрал-сайман ұстағандардың жағдайы қиын болуда. Нәсібін түзген тапқан кәсіп иелерінің жұмыстары тоқтап тұр, жағдай өте күрделі. Қазір жұмыстан бұрын ең күрделі мәселе – күнделікті азық-түлікті тауып жеуіміз болайын деп тұр...

Иә, бұл тек Қазақстанның ғана емес, әлемнің басына түскен апат болуда.

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың дер кезінде шешім қабылдап, еліміз тарихында тұңғыш рет республика бойынша төтенше жағдай жариялауының арқасында бұдан ондаған есе зардапты болуы мүмкін апаттың алдын алды.

Италия, Испанияда Индеттен қырылғандарды жерлеуге үлгері алмай, мұз сарайлары мәйітханаларға айналуға. Сан-Паулу қаласындағы ұшы-қиыры жоқ қазылып қойған қабірлерді көрсетуде – жаның шошиды. Алпауыт елдер АҚШ, Германияда да жағдай өте ауыр.

Барлық ел қазір мылтықсыз соғыс жағдайын кешуде. Осы уақытқа дейін отыз мыңнан асып кетті Индеттен қаза тапқандар. Ендеше соғыс жағдайындағыдай қатаң әскери тәртіп пен жанкешті жұмыс қажет!

Денсаулық министрлігі ғана емес, бүкіл елдің күштері, әскери, қорғаныс саласы, ішкі істер министрлігі т.б. құзырлы салалар түгел жұмылуы тиіс!

Кеше Қазақстан Президенті Мәлімдеме жасап, қиындыққа қалған халықты қолдаудың ауқымды, кешенді шарасын жариялады. Қасым-Жомарт Кемелұлының бұл кемел шешімін – Төтенше жағдайдағы төтенше қайрат, төте шешім деуге болады. Дағдарысқа қарсы шаралар және экономикалық тұрақтылық үшін 1,2 триллион теңге бөлінетін болды.

Енді 42500 теңге жәрдем ақшаны күнделікті кірісі жоқтардың барлығы, жұмыссыз қалғандардың барлығы да, ешқайда тіркелмеген құжатсыздар да, табысы тоқтап қалған микро, шағын және орта кәсіпорын жұмысшылары да алатын болады.

Бұл қаржылық қолдау жалпы еліміз бойынша 3 миллиондай адамды қамтиды.

Сондай-ақ, «Жұмыспен қамту жол картасы» бойынша 300 миллиард теңге бөлініп, 7 мың жоба бойынша 250 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылады. Нұрсұлтан, Алматы, Шымкент қалаларында карантинге байланысты жұмысынан айрылғандар осы жобаларға қатысса, алғашқы күні 85 мың теңге көтерме ақы алады да, ай сайын өз жалақыларын алады.

Қаржылық индексациялау, яғни, әлеуметтік жәрдемақылар, зейнетақы да 10 пайызға өседі.

Шағын және орта бизнеске, микробизнеске қолдау көрсетіледі.

Жалпы, дағдарысқа қарсы шаралар үшін 6 триллион теңге бөлінбек.

ПРЕЗИДЕНТ ШЕШІМІН ҚОЛДАУ – МЕМЛЕКЕТТІ ҚОЛДАУ!

Осындай алапат ауқымды шараларды қабылдаған мемлекет басшысын ел де жаппай



қолдауы тиіс. Қазіргідей қиын-қыстау, әлемдік апат кезінде Ел Ерге қарайды дегендей, бар ауыртпалық Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың иығына түсіп, Ер ерік-жігері мен қайрат-қажырын көрсетіп жатқанына халықтың көзі жетіп отыр. Ендеше, бәріміз де мемлекет басшысын қолымыздан келгенше қолдай білуіміз керек!

Дәл қазір Қазақстан халқы бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып, біртұтастығын көрсетуі керек. Елге қауіп төнгенде ел ішінде ешқандай алауыздық болмауы керек, барлық баррикадалар жойылуы тиіс!

Ел басына күн туған дәл қазіргідей сәтте Президентті қолдау орнына негізсіз тырнақ астынан кір іздеп, әйтеуір «сынау үшін сын тағушылар» – індетті індету, коронавирусқа жанама вирус қосушылар!

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫН ҚОЛДАУ – АУАДАЙ ҚАЖЕТ

Апат жағдайында аңырып қалған Ауыл шаруашылығына қолдау жасаған Президент шешімдерін естіген жер еміп, мал өсіріп өскен елдің де еңсесі көтерілуде.

Жанармайды 15 пайыз арзандату т.б. жәрдем шаралары дәл қазір егіс жұмыстарын бастап жатқан дала дихандарына ауадай қажет көмек болып тұр. Тек бұл шешімдердің жергілікті жерде орындалуы ойдағыдай болса деңіз.

Бүгін Түркістан облысы, Жетісай ауданы Асықата кентінен хабарласқан, кезінде үш ауданды басқарған ел ағасы Тойым Жүніс мемлекет басшысының шешімдеріне ризалығын білдірді:

– Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың шұғыл шешімдеріне дән ризамыз. Соның ішінде ауыл шаруашылығына баса назар аударуы қуана құптарлық. Тек енді оның орындалуы қалай болар екен, астанадан басталған қолдаулар ауылға жете ме екен деп уайымдап отырмыз.

Неге осы біздің елде Агробанк құру арман болып келеді осы уақытқа дейін?! Шаруалар тікелей сол банкпен жұмыс істесе, несиелерін, субсидияларын сол бір жерден алып тұрса, артық ақшасын да, сол банкте сақтаса, бұл екі жаққа да тиімді емес пе? – дейді Тойым ақсақал.

– Бұндай мақсатты іске асыратын «ҚазАгро» корпорациясы бар емес пе?

– Ол корпорацияның не істеп жатқанын білмейміз, әйтеуір әлі күнге шапағаттары ауылға жете қойған жоқ. Ауылды көрмегесін ауыл шаруашылығы ғана қандай себебі тиеді дейсің?!

Иә, еңбек ардагерінің сөзінің жаны бар. Шынында еліміздің арқа сүйер азық-түлік ордасы болар ауыл шаруашылығына неге салалық жеке банк ашпасқа? Сонда мемлекеттің ауылшаруашылығына байланысты шешімдерінің іске асуы қаржылық жағынан қамтамасыз етіліп отыратын еді. Мысалы, Тұрғын үй-құрылыс жинақтаушы банкі ашылғалы тұрғын үй мәселесі жақсарып келе жатқаны белгілі. Былтыр көп балалы аналарға және жас отбасыларға байланысты баспана мәселелерін шешуде «Бақытты отбасы», «Өз үйім» т.б. бірнеше жобалар Алматы қаласында, т.б. өңірлерде сәтті іске асты. Сол секілді мемлекет шешімдерімен бөлінген қолдау қаржылар далада егін егіп, мал өсіріп жүрген шаруалардың қолына тікелей тимегесін даму бола ма?!.

ҮКІМЕТ ҮДЕДЕН ШЫҒА АЛА МА?

Ал осындай ауыртпалық басып тұрған қиын кезеңде жұмысты төтенше жағдайға сай жаңа қарқынмен жандандыра білу Үкімет үшін ауыр сынақ болып тұр. Егер Үкімет үдеден шыға алмаса, осынау орасан мемлекеттік қолдаудың жемісі жетімсіз болары анық. Президенттің баяғы ескі сарынмен ілбіп келе жатқан әкімдер мен министрлерге «жұмысты жаңаша істей алмасаңдар орындарыңнан аламын» деуі де тегін емес...

Иә, қазіргі әкімдер мен министрлердің көбісінің тірлігіне қарасаң, пульспен басқарылатын роботтарға ұқсайды. Ел игілігі үшін өздерінше бастама жасау жоқтың қасы. Бейне бір жоғарыдағы электр сымсы тоқ бермесе, тоқтап қалатын троллей-бустар секілді...

Енді ел басына төнген қатер кімнің кім екенін көрсететін болады.

ЕРІКТІЛЕР ЕРЛІГІ ҚҰРМЕТТЕУГЕ ЛАЙЫҚ

Пандемия апатымен ашық майданда айқасып, өмірлерін тәуекелге байлап жүрген дәрігерлер қауымына сансыз алғыс айтамыз.

Жағдайы қиын жандарға азық-түлік тасушы көптеген ұйымдар мен партияларға, жүздеген волонтерлерге де Алла жар болсын. «Ақ жол» партиясы да бұл жолда ұйымшылдық танытып, облыстық филиалдары ешқандай жарнамасыз-ақ, жағдайы нашарларға және дәрігерлерге қолдау жасап, көмек беру акцияларын ұйымдастыруда. Сол





секілді көптеген еріктілер ешкім міндеттемесе де, адамгершілік, имандылық қасиеттері арқасында қайрат көрсетуде.

Биылғы жылды Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев алдын ала бірнәрсені білгендей «Волонтерлер жылы» деп жариялаған ба деп ойлап қаласыз...

Мысалы, әлеуметтік теңсіздікті айтып көшеге шыға қалса, полициялар дереу ұстап әкетіп қамап қоятын қоғам белсендісі Құрал Сейітханұлы бауырымыз енді өзі әлеуметтік жәрдем жасауға ұйытқы болуда. Белгілі қоғам белсенділері Мақсат Избасаров, Еркін Рақыш, Сәуле Әбілдаханқызылармен бірге өздері еріктілерді ұйымдастырып, жәрдем беруші азаматтарды тарту арқылы жүзден аса көп балалы және жағдайы қиын отбасыларға тікелей азық-түлік тасып, көмек беріп жатыр. Енді қай кезде де, Құралдар көшеге шықса, полицейлер оларға күш емес, құрмет көрсетуі тиіс... Бұндай еріктілер барлық жерде еңбек етуде.

КАЗАҚ ҚАЛТАЛЫЛАРЫ ҚАЙДА?

Қазақ қалталылары да Елбасымыз құрған «Biz birgemiz» акциясы аясында қаржылай көмек көрсетуде, оларға рахмет! 31-наурызда бұл қорға 26 миллион доллардай қаржы құйылғаны айтылды.

Бірақ біз бәрін ежелден бәсекелес туыс еліміз Өзбекстанмен салыстырамыз ғой. Өзбекстанда президент Ш.Мирзияев құрған қорға өзбек олигархтары миллиард доллардан аса (1 миллиард 51 миллион) көмек беріп жатқанын көріп отырмыз.

Миллиардерлер Алишер Усманов, Искандер Махмұтовтар әрқайсысы 400 миллион доллардан аударды. Тіпті, біздің Елбасының ерекше қамқорлығының арқасында Қазақ қазба кеніштерінен миллиардер болып отырған «Евразия-групп» қорының үш нояны: Патох Шадиёв, Аліджан Ибрагимов, Александр Машкевичтер де сол байлығынан Қазақстанға неге көмек бермейді?! Қайта баспасөз беттерінде Шадиёвтің Қазақстанға емес, Өзбекстанға 200 миллион доллар аударғаны туралы ақпарат тарап жүр. Бұның рас-өтірігі белгісіз әзірше... өйткені, аталмыш қор өкілдері бұл ақпаратты теріске шығаруда...

Осыларға қарап отырып, әншейінде өзбекті менсінбейтін қазақтың Форбес тізіміндегілер неге түгел қолдау көрсетпейді? Неге әншейінде жалтырап жүргендердің енді қолдары қалтырап қалған деп ойлайсыз? Жалпы ішкі өнімі Өзбекстаннан үш есе жоғары, жерінде Менделеевтің элементтер

кестесіндегі барлық қазба байлығы бар Қазақстанға бұл сын емес пе?

Өзбектермен салыстырғандағы бұл айырмашылықтың негізі – ұлттық руханиятта жатыр. Қарапайым формуламен қазақша айтсақ – Өзбек байлары өз елінде өзбек тілінде сөйлейді, өзбек тілінде ойлайды, сондықтан өзбек халқын ойлайды!

Ресей тілінде сөйлейтін Қазақ байлары өз елінде өз тілінде сөйлемейді, өз тілінде ойламайды, сондықтан өз халқын ойламайды!

Өзіміздің өзге тілді байларымыздың барлығы қазір қиындыққа душар болған өз еліне көмек беруде ме? Жалғанды жалпағынан басып жүргендер, өзге елдің әншілеріне миллиондап шашып жатқандар, өзге елдің астанасындағы саунада жарты миллиондай долларын «ұрын келгендерге» «жұмсап» жатқандар, қазір еліне қандай қаржы беруде?!

Қиындықта көмек беруді, әкімдер мен министрлерден жаңа қарқын күтуді айтамыз, Қызылорда облысы әкімі Қ.Ысқақовтар тобы былтырғы Арыс апатына жиналған қаржыдан қарпып қалғандары анықталып, масқара болуда. Оларды тексеріп барған Жемқорлармен күрес органының басшысының өзі жемқорлықтың «үлгісін» көрсетеді. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігі департамент директоры Арлан Андасов 400 мың доллар пара алуда қолға түсіп, абақтыда жатыр...

Халық қасіретінен пайда таппақ болғандарға Алланың жазасы ауыр болатынын неге ойламаймыз?

«Жау жағадан алғанда, ит етекпен алады» дегендей, базардағы азық-түлік бағасының бас бермей құрт көтерілуі де «жығылғанға жұдырық» болуда...



Балалар тағамының да екі есе көтерілгеніне не айтасыз?!.

ҮЙДЕН ШЫҚҚАН ӘР АДЫМ – АЖАЛҒА БАСҚАН ҚАДАМЫҢ!..

Ал қарапайым әр адамның тигізер көмегі қандай болуы керек? Үйден шықпай, тәртіпке бағынып отырғаның – коронавирусты жеңудің ең қарапайым жолы!

Үйімізден себепсіз сыртқа аттаған әр қадамымыз – таралуы тез тажалға тартып бара жатқанымыз екенін ойлауымыз керек. Яғни, үйден шыққан әр адым – ажалға басқан қадамың!

Қорыта айтқанда, Ғаламдық індет байлық-мансапқа қарамайтынын, Алланың жазуының алдында барлық пенде бірдей екенін көрсетуде.

«Аштықтың да бір тоқтығы бар» дегендей, карантиннен алар сабағымыз да аз емес. Ел имандылыққа, ұмытып кеткен қанағат-ынсапқа оралуда.

«Арпа-бидай ас екен, алтын-күміс тас екеніне» тағы да көз жеткізе бастадық. Тағамның табиғилығы мен дәстүрлігіне ден қоюдамыз. Отбасы құндылығын сезініп, бала тәрбиесіне көңіл аудара бастадық. Бос жүріс пен артық қыдыру, әсіре сауықшылықтан тартынуға тура келді.

Цифрлы үкіметтің талабы – онлайн оқу мен жұмыс істеуге дағдыланудамыз. Экологиялық, гигиеналық тазалықта дезинфекцияның рөлін талап етудеміз. Мысалы, түтінге тұншыққан Алматының ауасы қазір тазарып, тау етегінде тұратындарға қала күннен күнге анық көріне бастады.

Бұлардың бәрін неге айтып отырмыз?! Төтеннен келген індетке төтеп беріп, тезірек жою үшін еңсеміз түсіп, езіле бермейік! Алға жылжу үшін оптимистік ой, көтеріңкі рух керек!

Медицина атасы, Ибн Сина бабамыз айтқандай: «Дүрбелең – жарты кесел, Сабырлық – жарты денсаулық, ал Шыдамдылық – сауығудың басы!»

Ендеше «Аттанға сүрен қосып», бос дақыртпен Дүрбелең тудырмай, Сабырлық сақтап, төтенше індетке төтеп беріп, жеңу үшін Шыдамдылық танытайық, ағайын!

Аяқ асты бәле-жаладан, ауру-сырқау, індеттен Аман-сау болайық! Алашқа Алла жар болсын!

Қазыбек ИСА,
ҚР Президенті жанындағы
Ұлттық Кеңес мүшесі,
«Ақ жол» партиясы
төрағасының орынбасары.
Qazaquni.kz

■ ZAN

АБЗАЛ ҚҰСПАН: ПАНДЕМИЯҒА БАИЛАНЫСТЫ ТҮТҚЫНДАР БОСАТЫЛУЫ КЕРЕК



Тергеу изоляторлары мен сотталғандарды қамау орындары коронавирустың басты ошағының бірі бола алады, деп санайды қоғам қайраткері Ислам Әбішевтің адвокаты Абзал Құспан. Бұл туралы ол Қасым-Жомарт Тоқаевқа өзінің үндеуінде жазды, тұтқындардың бір бөлігін бостандыққа шығаруға шақырды, – деп хабарлайды uralskweek.kz.

Өзінің президентке үндеуінде адвокат қамаудағыларды ұстау шарттарын айтып, мысалға, Нұр-Сұлтан тергеу изоляторын көрсетті. «Бүгінгі таңда ешкім үшін құпия емес, қылмыстық жауапкершілікке тартылған және қылмыстың әр түрлі санаттары үшін сотталған адамдарды қоғамнан оқшаулау орындары толып кетті, бұл жұқтыру қаупін арттырады.

ТИЗО-да және колонияларда ұстау жағдайлары халықаралық стандарттарға, тамақтану сапасына, қалыптасқан өмір жағдайларымен қамтамасыз етудің жоқтығына (серуендеу, медициналық көмек, күн сәулесі, таза ауа және т. б.) сәйкес келмейді.

Осыған байланысты бас бостандығынан айыру орындарында және ТИЗО-да адамдардың болуына тыйым салу бойынша уәкілетті орган қабылдайтын шаралар анық жеткіліксіз болып табылады және жұқтыру қаупін төмендетпейді.

Мысалы, Нұр-Сұлтан қаласындағы елордалық тергеу изоляторында ұстау камерасы санитарлық жағдайға сәйкес келмейді, қамалғандар шағын габаритті үй-жайларда вирусты (тышқанды) таратушылармен бірге өмір сүретін, жейтін, ұйықтайтын және мұқтаждықты жеңетініне үнемі шағымданады.

Мұндай жағдайда вирус колонияға кірген жағдайда, онда ұсталатын адамдар үшін өлім болып табылады» – деп жазды ол өзінің үндеуінде.

Бұдан әрі Абзал Құспан басқа елдердің тәжірибесіне сүйене отырып, қамаудағылар арасында жаппай жұқтырудан құтылуға болатын шешімді келтірді.

«Осыған байланысты кейбір мемлекеттер осы жағдайды түсіне отырып, колониялар мен тергеу изоляторларын босату бойынша шаралар қабылдай бастады. Мекеме басшылары мен

сотталғандардың ҚІБ туралы өтінішхатқа негізсіз бас тартуларын қайта қарай бастады. Тергеу изоляторларында күзетпен ұстау түріндегі бұлтартпау шаралары неғұрлым жеңілдікке ауыстырылды.

Судьялар мұндай мәселелерді қарау кезінде толып кеткен камераларды шұғыл түсіру мақсатында орындылығы мен ақылдылығы принципін басшылыққа алды.

Мысалы, Иран мемлекеті апаттың алдын алу және жаппай өлім-жітім мүмкіндігін болдырмау мақсатында 85 мың тұтқындарды босатты, Польшада тергеу қамауындағылар мен сотталғандар жазасын үйде өтеуге мүмкіндік алды, осыған ұқсас шаралар Украинамен де қарастырылуда.

Баяндалғандарға байланысты, онша ауыр емес, ауырлығы орташа және ауыр қылмыстары үшін, азаматтарға қатысты зорлық-зомбылық қолданумен байланысты емес және қоғамға қауіп төндірмейтін, экономикалық және сыбайлас жемқорлық қылмыстары үшін ұсталған және сотталған адамдарды, сондай-ақ зейнеткерлік жасқа жеткен, қылмыстық жауапкершілікке алғаш рет тартылған адамдарды және әйелдерді босату туралы мәселені қарастыруды сұраймыз.

Хаттың соңында құқық қорғаушы мұндай шаралар мемлекет үшін экономикалық тұрғыдан тиімді болатынын және жаппай жұқтыру қаупін төмендететінін атап өтті.

«Мұндай шаралар зарарланған адамдардың санын азайтуға ықпал ететіндігіне және экономикалық тұрғыдан мемлекет үшін тиімді деп есептелетініне сенімдімін. Коронавирусқа қарсы күрес барысында біздің мемлекетіміз орасан зор материалдық құралдарды, оның ішінде тергеу изоляторлары мен колониялардағы адамдарды ұстауға жұмсайды.

Бір адамды тәулігіне ұстау мемлекетке 4 мың теңге шамасына түседі. Қамау орындарынан 30 мың адамды босата отырып, 1 айда 3,6 млрд. теңге немесе жылына 43,2 млрд. теңге үнемдеуге болады».

Осы Ашық хатты 9 сәуірде фейсбук парақшама жариялағаннан бері екі тәулікте сайттағы мақаланы 150 мыңға жуық адам оқып, 1000-ға жуық қолдау пікір жазылып, 23 000 адам қол қойды!

Ал менің Фейсбук парақшамды осындай қысқа уақытта 2500-дей қолдау, мыңдай коммент, 1800-дей бөлісіп жариялау болды!

2011 жылы дәл осындай талаппен Мемлекеттік тілді қолдаған, ақиық ақын Мұқтар Шаханов бастаған әйгілі 138-дің Ашық хатымен салыстырғанда, 200 еседей көбейіп, зор тарихи рекордтық деңгейге көтерілді! Бұл тоғыз жылда Қазақ халқының ұлттық санасы осынша деңгейге көтерілгені бүкіл елді қатты қуанышқа бөлеуде! Уатсап арқылы өзіміздің телефонымызға

«КОНСТИТУЦИЯДАН 7-БАПТЫҢ 2-ТАРМАҒЫН АЛЫП ТАСТАП, МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ТУРАЛЫ ЗАҢ ҚАБЫЛДАНСЫН ДЕСЕҢІЗ АШЫҚ ХАТҚА ҚОЛ ҚОЙҒЫЗ» деген жазба келіп тұрғанда қатты қуанады екенсің! Яғни, бұл Мемлекеттік тілді қолдау акциясы Жалпыұлттық қозғалысқа айналып кетті деуге болады! Қаншама мыңдаған адам қол қоя алмай қалды – «Қазақ үні» сайтына қарсы шабуыл қайта басталды бүгін... Қазақ тілін қазақтан артық болмаса, кем емес қорғап жүрген Оғыз Доған бауырымыз айтқандай, 15 мыңдық көрсеткіш бұдан 5-10 есе көп болып, 100 мыңға жуықтап қалуы мүмкін еді... Қаншама адам тек Фейсбук парақшасына «Қолдаймын, қол қоямын» деген комментпен шектеліп, сайт сілтемесіне өтіп қол қоюды түсінбей қалды... Екі тәулікте 23 мың қол жинау – зор жеңіс!

«Халық қаласа – хан түйесін сояды» дегендей, енді Ел тілегін Ел басшысы – Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев басты назарға алып, тез арада Мемлекеттік тіл қабылдау – кезек күттірмес мәселе! Халық қаласа – Хан тілегін орындайды!

Мемлекеттік тілдің мәртебесін қорғау – еліміздегі ең басты мәселеге айналып келеді. Осы мақсатта «Қазақ үні» ұлттық порталында осыған дейін ҚР Конституциясындағы 7-ші баптың 2-ші тармағын алып тастау туралы сансыз мақала жарияланды. Солардың ішінде ең келелі әрі өзектісі осыдан үш жыл бұрын, 2017 жылы 26-ақпанда жарияланған «МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ АТА ЗАҢДА АЙҚЫН КӨРІНСІН!» атты Қазақстан Президентіне жазылған Ашық хат. Конституциялық реформа кезінде еліміздің әлемге әйгілі тарландары Әбдіжәміл Нұрпейісов, Дулат Исабеков, Асанәлі Әшімов, Қабдеш Жұмәділов, Өмірзақ Айтбаев, Мекемтас Мырзахметов, Төрегелді Шарманов, Камал Ормантаев, Нұрғали Нүсіпжанов, Төлен Әбдік, Амангелді Айтаны, Смағұл Елубай, Сәбит Досанов, Ғаббас Қабышев, Ұлықбек Есдәулеттер бастаған 115 ұлт зиялысы қол қойған Конституциядағы орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдауды талап ет-

кен бұл Ашық хатты бүгінде 30000-нан аса адам қол қойып, қолдап, рекордтық деңгейге жетіп отыр. Ұлт мүддесі үшін мұншалықты қалың қол жиналған емес. Яғни, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау күн тәртібіндегі күннен-күнге күшейіп келе жатқан ең өзекті мәселе болып тұр. Сондықтан да «Қазақ үні» порталында 351 659-дай адам оқып, 1000-нан аса пікір жазылып қолдау білдірді. Әлеуметтік желілердегі қаптаған қолдаушылардың санын есептеу мүлде мүмкін емес. Бұл Ашық хат 2017 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаевтың қолына тигені туралы сол кездегі Президент әкімшілігі басшысы Әділбек Жақсыбековтың Конституциялық реформа қорытындысы туралы Елбасыға есеп берген ресми жиында мәлімдегені БАҚ-та жарияланып, телеарналар көрсеткен еді. Бірақ әлі толық нәтиже көрінбей келеді.

Енді елдің үміті ел тізгінін қолға ала салысымен ұлттық мүдделерімізді қорғауға баса назар аударып, «Ең бастысы – Қазақ тілі», «Қазақ тілі – ұлтаралық қатынас тіліне айналуы керек» деп мәлімдеген Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевта!



Конституциядағы орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастап, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау мәселесін ҚР Президенті жанындағы Ұлттық Кеңестің 2019 жылғы 6-қыркүйекте өткен бірінші отырысында белгілі ақын Қазыбек Иса көтеріп, қолдау тапқаны белгілі.

Бұл екі тілде жарияланып, ел қолдауына ие болған аталмыш АШЫҚ ХАТ 2018 жылы ұлттың рухани көсемі, тіл ғылымының ата-сы Ахмет Байтұрсынұлының туған күніне орай Қазақстан халқы Тілдері күні 5-қыркүйектен басталғанда қайта жарияланған еді. Енді бүгінде әлеуметтік желіде талап етіп жатқан көпшіліктің сұранысын ескеріп, аталмыш АШЫҚ ХАТТЫ оқырман қауымға Фейсбук желісінде қайта ұсынуды жөн санадық.

Еліміз үшін ең өзекті мәселе болып тұрған Мемлекеттік тіл мүддесі үшін үн қосударыңызды сұраймыз!

...Қазақстанның қоғамдық ұйымдары, зиялы қауым өкілдері осы Ашық хатымыз арқылы өз ұсынысымызды мәлімдейміз:

– ҚР Конституциясының 7-бабының орыс тіліне байланысты 2-ші тармағы алынып тасталсын!

– Мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылданын!

09.04.2020

МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛ ҚАБЫЛДАУ АШЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ТІЛДІҢ МӘРТЕБЕСІН НАҚТЫ 7-БАПТЫҢ 2-ТАРМАҒЫН

Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт ТОҚАЕВҚА!

СУҒА ТҮСПЕЙ ЖҮЗУДІ
ҮЙРЕНУ МҮМКІН ЕМЕС

Елбасымыздың өкілеттіктерінің біразын Парламент пен Үкіметке беруіне байланысты демократиялық бағыттағы Конституциялық реформа жасау мәлімдемесі елдің ұлттық санасын қалың ұйқыдан оятып жіберді десе де болады. Партиялар, қоғамдық ұйымдар, мемлекеттік мекемелер, қоғам қайраткерлері бұл ел тағдырындағы ең өзекті мәселеге жаппай үн қосуда.

Еліміздегі өзгерістер тек аталмыш өкілеттіктермен ғана шектеліп қалмауы керек. Негізгі заңымыздағы бұл өзгерістер еліміздегі келешек кешенді өзгерістерді тудырады деп сенеміз. Қазір қоғам барлық салада шынайы өзгерістерді күтуде.

Сондықтан, кеңестік кезеңнен бері отыз жылға жуық теперіш көріп келе жатқан Мемлекеттік тіл мәртебесін ойыншыққа айналдыра бермей, Ата заңда ақиқат, анық, өзінің заң жүзіндегі орнына ие болуы керек. Себебі, орнағанына 25 жылдан асып бара жатқан Тәуелсіздігімізде мұндай Конституцияны демократиялық даму аясында талқылау – тек біздің ұрпақтың маңдайына бұйырып отыр!

Біз, Қазақстанның зиялы қауым өкілдері, мемлекеттік тілдің мәртебесін анықтайтын Конституцияның 7-бабынан 2-тармағын алып тастауды ұсынамыз. Себебі, Тілдер туралы алғашқы заң қабылдаған 1989 жылы Қазақстан Кеңес Одағы құрамынан әлі шықпаған кезі, «Қазақ Советтік Социалистік Республикасы» еді. Заңның аты да «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы» Заңы делінген... Әрі осы заңдағы «Қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі болып табылады» деген бапты қабылдау кезінде халықтың пайыздық салмағы қатарлас еді. Яғни, қазақтар 1989 жылы 39,7 пайыз, орыстар 37,8 пайыз болатын. Сондықтан, ол кезде бұл заңдылық болып қабылданды. Кейін 1995 жылы Конституция қабылдарда Қазақстан Республикасы осы «Қазақ Советтік Социалистік Республикасының Тіл туралы» Заңына сүйеніп, осы кеңестік кезең талаптары шеңберінен шыға алмай, «Мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында орыс тілі ресми түрде қазақ тілімен тең қолданылады» деген 7-баптың 2-тармағын қабылдап, орыс тілін тіпті, шектен тыс күшейтіп жіберді деуге болады... Кейін де, 1997 жылғы «ҚР Тіл туралы заңымыз» да осы

ескі сұрлеумен, Кеңес империясы кезіндегі талаппен кетті.

Ал қазір Тәуелсіздікке ширек ғасырдан асқанда, қазақтардың саны кемінде 70 пайыздан асып кеткендіктен, бұл орыс тілі туралы талап демографиялық және демократиялық заңдылықтармен өз күшін жойып отыр.

Бұндай өзгеріс Тәуелсіздігіміздің 26 жылында, Азаттық үшін күрескен Алаш қозғалысына 100 жыл толып отырған кезеңде, жасалып жатса, бұл алдымен демократиялық жаңаруды бастаған Елбасымыздың еңбегі болып табылатыны анық.

Елбасымыздың өзі де биылғы Жолдауында «Қазақ тілінің басымдығы сақталады. Оның әрі қарай дамуына зор көңіл бөлінеді» – деп мәлімдеді. ҚР Президенті Жолдауындағы бұл сөздерді қарапайым, өмірлік қалыпқа түсірсек, «Қазақ тілінің басымдығы сақталады, дамуына зор көңіл бөлінеді» – дегеніміз, ең біріншіден, Конституциядан мемлекеттік тілдің дамуына басты кедергі болып отырған орыс тілі туралы 7-баптың 2-ші тармағын алып тастау! Одан соң екіншіден, Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдау!

Конституцияның 7-бабында «Мемлекеттік тіл – қазақ тілі» деп бадырайып жазылып тұрса да, екінші тармағындағы «орыс тілі ресми түрде мемлекеттік тілмен тең қолданылады» деген сөз – «ресми тіл» дегенді білдірмейтінін және орыс тілі екінші мемлекеттік тіл бола алмайтынын Конституциялық Кеңес дәлелдеп берсе де, сол бір 7-баптың екінші тармағы жұртты әлі шатастырып, орыс тілі заңсыз мемлекеттік тіл рөлін атқарып келе жатыр. Сондықтан, Конституцияның 7-бабының екінші тармағын алып тастау керек.

«15 жылдан бері мемлекеттік тілді аю да үйреніп алатын уақыт болды» – деп Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың өзінің ащы шындықты жайып салғанынан кейін де он жыл өтті?!

Ал, 2011 жылы Конституциядан 7-баптың 2-ші тармағын алып тастауды көтерген «138-дің хаты» кезінде бұл Үндеуді қолдағандардың саны қысқа мерзімнің өзінде 30 мыңға жуықтаған еді...

Бірақ, сол кезде билік Конституцияны өзгертуге болмайтынын айтып, халықтың талабына келіспей қойған еді.

Енді, бүгін Елбасымыздың өзі Конституцияға реформа жасауға шақырып, демократиялық жаңаруды бастағанда, зиялы қауымның үнсіз қалуы – болашақтың алдында кешірілмейтін қылмыс деуге болады.

Медициналық тілмен айтқанда, ауруды емдеу үшін диагнозды дәл қоюымыз керек. Біз жүрегі ауыра-

тын адамға тұмаудың диагнозын қойып, солай емдеп келеміз.

Физикалық тілмен айтқанда, біз газды басқанмен, тежегішті жібермей келеміз.

Сол тежегіш – Конституцияның 7-бабынан орыс тілі туралы 2-ші тармағын алып тастауды ұсынамыз.

СУҒА ТҮСПЕЙ ЖҮЗУДІ
ҮЙРЕНУ ЕШҚАШАН МҮМКІН ЕМЕС БОЛСА – АТА ЗАҢНАН 7 БАПТЫҢ 2-ТАРМАҒЫН АЛЫП ТАСТАМАЙ, ТІЛДІ ҮЙРЕНУ ДӘЛ ДӘЛ СОЛАЙ МҮМКІН ЕМЕС!

Мемлекеттік тілге қажеттілік тудыру қажеттігін өзге ұлт өкілдері де түсінуде

2011 жылы Конституциядан 7-баптың 2-ші тармағын алып тастауды көтерген 138-дің хатын – заңды талапты орыстелді өзге ұлттар да қолдады. Сын сағаттарда парасатты көріс қызы Клара Хан, Украин Мәдениет орталығының төрағасы Валентин Лымаренко және Николай Щербинин, Алла Платонова секілді орыс ұлтының озық ойлы өкілдері мемлекеттік тілді қолдап шықты. «Қазақ тіліне қарсылық – қазақ халқына қарсылық» деді Клара Хан ханым. «Қазақстанда қазақ тілі үстем болуы тиіс! Кез-келген мемлекет мемлекеттік тілсіз өмір сүре алмайды. Мемлекеттік тіл – мемлекеттің өмірі, мемлекеттің бейнесі. Бізде ол – Қазақ тілі. Бұл – Қазақстан Республикасы! Сондықтан мемлекеттік тілді бәрі білуі керек!» деп мәлімдеді Валентин Лымаренко. «20 жыл тіл үйренуге аз уақыт емес, орыстар ренжімеуі керек! Мемлекеттік тілді білмегендер, елді қалай басқарады?» – деді орыс Николай Щербинин. Ал орыс қызы Алла Платонова 2011 жылы Қоқшетауда өткен Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамының V құрылтайында:

«Қай мемлекетте тұрып өмір сүрсен, сол мемлекеттің тілін білуге, құрметтеуге міндеттісің! Қазақша сөйлемей, үйренуге құлшынбау мемлекеттік тілді, яғни мемлекетті сыйламау. Қазақтың нанын жеп, ауасын жұтып, бірақ тілін менсінбеушілер елдеріне кетсін!» деді. Бұны орыстың ойлы қызы Алла Платонова айтты...

Ал өскемендік белгілі ақын, «Золотое перо России» халықаралық әдеби сыйлығының иегері, Ресей Жазушылар одағының мүшесі Борис Петрович Аникин: «Я член союза писателей России. Автор нескольких поэтических сборников. Я упорно изучаю казахский язык. Считаю, что каждый человек, который проживает в Казахстане, должен знать государственный язык, чтить культуру и обычаи этой великой нации. Сам Лев Толстой и Достоевский, приклонялись перед тюрками. Анна Ахматова

ТУРАЛЫ ЗАҢ КЕРЕК!

ХАТ АНЫҚТАУ ҮШІН КОНСТИТУЦИЯДАН АЛЫП ТАСТАУ КЕРЕК!

потомок последнего хана Золотой Орды Ахмата. Казахи великий и воинственный народ. Призываю всех изучать казахский язык!!!»- деп жазады. <https://qazaquni.kz/?p=27285>

Яғни, өзге ұлт өкілдері де Мемлекеттік тілді қолдау – ел бірлігін қолдау екенін сезініп, ынтымақтастық көрсетіп отыр. Мемлекеттік тілге қажеттілік тудыру қажеттігін өзге ұлт өкілдері де түсінуде. Сондықтан, бұл жерде ұлтаралық қатынасқа сызат түседі деп босқа сезіктену негізсіз деп білеміз.

Конституциядан 7-баптың 2-ші тармағын алу – тек қазақ халқы үшін ғана жасалып отырған әрекет деуге болмайды. Бұл арқылы мемлекеттік тілді үйренген өзге ұлт өкілдеріне болашақта жарқын жол ашылады. «Тіл бірлігі – ел бірлігі» деп айтып жүрген Елбасының ұлағатты сөзі сонда ғана нақты іске асады. Егер бұл орыс тілі туралы тармақ алынбаса, 28 жыл үйренбеген өзге ұлт өкілдері, өзіміздің орыстелді қазақтар енді ешқашанда үйренбейді. Бұл-ширек ғасырдан астам уақыт анықтап берген аксиома!

Мемлекеттік тіл мәртебесін халық саны да қамтамасыз етеді

«Қазақстан Республикасында 1989 жылғы халық санағында 16199,2 мың адам тіркелді. 1999 жылғы санаққа дейінгі аралықта Қазақстан халқы 1246,1 мың адамға кеміген. Мұның басты себебі бұрын қуғын-сүргінге ұшырап, Қазақстан жеріне көшіріліп, қоныстандырылған өзге ұлт өкілдерінің, әсіресе, орыстардың, украиндардың, немістердің, кавказ халықтарының, т.б. өз ата мекендеріне көшіп кетуі болды.

1989 жылмен салыстырғанда 1999 жылы ұлттық құрамда да айтарлықтай өзгеріс болды. Мысалы, қазақ ұлты 1468,1 мың адамға (22,9%) көбейіп, республика халқының жартысынан астамын (53,4%-ын) құрады. Оның есесіне орыс ұлты өкілдерінің саны 1582,4 мың адамға (26,1%-ға) кеміді»-дейді https://kk.wikipedia.org/wiki/Ашық_энциклопедиясы.

Яғни, 1989 жылдан 1999 жылғы дейін он жылда халық санағында қазақтар 22,9 пайызға көбейіп, 53,4 пайыз болса, орыстар 26,1 пайызға кеміген. Ал 2009 жылы қазақтар ресми дерек бойынша 63,1 пайызға жетті.

Сонымен қоса, қазақстандық орыс диаспорасы өкілдерінің 25,3

пайызы қазақ тілін түсінеді, 8,8 пайызы оқи алады, 6,3 пайызы жазады. Еліміздегі диаспоралардың өкілдері әлі де өздерінің, не ұрпақтарының тарихи отандарына қоныс аударғанын қалайды. Мәселен, «Сіз, өз балаларыңыздың болашағын қазақ елімен байланыстырасыз ба?» — деген сауалға, қазақтардың 96,9 пайызы, орыстардың 53,5 пайызы, басқа диаспора өкілдерінің 78,5 пайызы «иә» деп жауап берген. Ертең елімізде қазақтар 75-80 пайызды құрағанда іс қағаздарын Ресей тілінде қалып жатса, ұлттық наразылық туатыны айқын.

2013 жылы өткізілген халық санағының қорытындысы бойынша халықтың этноқұрамы келесідей: қазақтар – 65,2%, орыстар – 21,8.

Ал 2017 жылғы халық санағы әлі жоқ. Әр онжылдық санақта еліміздегі халық санына шаққанда, кемінде 10 пайызға өсіп отырғанымызды ескерсек, (1989 жылы мен 1999 жылы арасындағы он жылда қазақтар 13,7 пайызға өсті) қазақтың бүгінгі саны шамамен 75 пайыздай деген елдің болжамы тура келетін сияқты.

Себебі, атамекенге көшіп келуші қандастарымыз да мол, керісінше тарихи отандарына көшіп кетуші орыс ұлты өкілдері де көп.

Сонда, қазақ халқы 75 пайыз деп алатын болсақ, 2013 жылғы орыстан өзге ұлттардың сандық пайызы 9,7 қалыпта қалған күннің өзінде, (түркітілдес диаспораларының өсімі жоғары, олардың көбісі мемлекеттік тілді жақсы біледі), басқа халықтар (саны 1 пайыздан төмен диаспоралар) 2013 жылғы санақ бойынша 4,4 пайыз болса, онда орыс ұлтының өкілдері 10 пайызға жуық төмендейді деп санауға болады....

Ендеше, 10-20 пайыз ғана, кезінде өзіміз отары болған ұлт диаспорасына өзге ұлт өкілдерінен сансыз артықшылық-астамшылық беріп, ширек ғасырдан астам әлі құлдық ұра беру – негізгі ұлт – қазақтарды тілдік кемсітушілік болып саналады.

Қазір Қазақстандағы орыс тілін білмейтін, шала білетін түпкілікті қазақтарға (көбінесе ауыл халқы) ресми саны ғана миллионнан аса қосылған оралман ағайындарымыздың басым бөлігін қоссаңыз, орыстелділердің санын он орап алады. Сонда Конституциядағы орыс тілі туралы 7-баптың 2-тармағы орыстардан үш еседей көп халықтың – негізгі ұлттың намысына тиіп, ширек ғасырдан астам тілдік кемсітушілікке, яғни мемлекеттік тілдік



кемсітушілікке ұрындырып келеді.

Мемлекеттік қызметкерлеріміз мемлекеттік тілде сөйлеуі керек

Ал мемлекеттік қызметкерлердің көпшілігі мемлекеттік тілде ең болмаса, демалыс сұрап, арыз жазуға сауаттары жетпейтінін Мемлекеттік қызмет істері агенттігіне төраға болған кезде Әлихан Бәйменов мәлімдеген болатын...

Сонда мемлекеттік тілде нан сұрай алмайтындар мемлекет тағдырын шешетін мемлекеттік қызметтерде мемлекеттік тілге – мемлекеттік мүддеге қарсы қызмет етіп отыр... Қорқынышты емес пе, бұл бізге...

Мысалы, әкімдіктегі, министрліктегі, парламенттегі, ұлттық компаниядағы, т.б. мемлекеттік мекемедегі өзге ұлт өкілдерін айтпағанда, өз ана тілі мен мемлекеттік тілді білмейтін мемлекеттік қызметкерлер (парадокс емес пе), тіл басқармасы қызметкерлері қазақ тілінде қағаз апарса, түсінбейді де, «орыс тіліне аударып әкел» дейді. Оған «бұл мемлекеттік тіл» ғой десең, «бізде бәрі екі тілде ғой» деп, заңымыздың бейшаралығын алдына тартады. «Онда өзің аударып ал!»-десең, «мен мемлекеттік тілді білмеймін?»- деп, топастығына ұялмай, қайта мақтанғандай түр көрсетеді... Оған табанының бүрі бар санаулы қызметкер ғана: «Сенің өз ана тіліңді, қазақ тілін – мемлекеттік тілді білмеуге, өкінішке орай, құқың болса, менің де айдаладағы шетел тілін, Ресейдің тілін білмеуге құқым бар. Ал менің мемлекеттік тілді білгенім үшін ғана маған неге артық азап, артық жұмыс – тегін аудармашылық жұмыс жүктелуі керек? Керек болса, ақша төлеп, өзің аударып ал» деп айта алады... Ал 99 пайызы бір күрсініп алып, негізгі жұмысын жиып қойып, жыл бойы «аудармашылықпен» айналысады.

Ал барлық мемлекеттік ұйымдарда және жергілікті өзін-өзі басқару органдарында алдымен орыс тілінде дайындап, содан соң оны мемлекеттік тілге аудару үшін қаншама тонна қағаз, қаншама аудармашы үшін осындай дағдарысты кезеңде қандай алапат қаржы

шығындалатынымыз, ең бастысы қаншама уақыт кететінін – бұның бәрі жұмыс сапасына кері әсерін тигізетінін айту тағы бір өзекті мәселенің жүгі болады.

Президент әкімшілігінен бастап, Үкімет, Парламент төрағаларынан бастап, министрлер, әкімдерден, барлық басшылардан бастап, мемлекеттік қызметкерлер тек мемлекеттік тілде сөйлеу үшін бізге ешқандай тіл үшін жұмсалып жатқан миллиардтардың керегі жоқ! Тек қана Конституцияның 7-бабы 2-тармағын талып тастау керек!

Біріншіден, қыруар қаржы жұмсалса да, маңымай жатқан (себебі қажеттілік жоқ) мемлекеттік тіл дамиды.

Екіншіден, мемлекеттік тілді білетін қаншама қазақстандыққа жұмыс табылады. «Орысшаға аударып әкел» деп, амалып отыратындар орын босатады...

Сонда Ресей тілінде сөйлеу, яғни Қазақ тілінде сөйлемей деген сөз – қазақ тіліне, сол арқылы өз елінде қазаққа жұмыс бермеу деген сөз!

Яғни, бұл ұлтқа жаулық емес пе? Сонда ұлтқа, яғни мемлекетке ең алдымен мемлекеттік тілді білмейтін шенеуніктер, министрлер, әкімдер, депутаттар, ұлттық компания жетекшілері, барлық басшылар жау деген сөз емес пе бұл! Көрнекті орыс жазушысы К.Паустовский: «Ана тілін білмеу – ұлтқа жасалған опасыздық» деп жазды сол кездің өзінде. Тәуелсіздігіміздің 26 жылына қадам басқанда демократиялық өзгерістерді талап еткен Конституциялық реформа жасау тарихына тап болдық.

Енді, осы жолы Елбасымыздың өзі демократиялық жаңаруды бастап жатқанда, демократиялық талап бойынша (азшылық көпшілікке бағынады) Мемлекетіміз Мемлекеттік тілін Конституцияға жеке дара статус беріп жазып алмаса, бұдан кейін қай заман, қандай кезеңге тап боламыз?!!

Мемлекеттік тіліміз – Қазақ тілі Тәуелсіздігін енді алатын кезі жетті! Өйткені, 28 жыл бойы Қазақ тілі – мемлекеттік тіл деген аты болса да, Конституцияның орыс тілі туралы 7-бабының 2-тармағына Тәуелді болып келді.

Осы уақытқа дейін мемлекеттік тілді білуге мәжбүрлемеген Елбасыға өзге ұлт өкілдері алғысын айтып, енді қазақ тілінің Мемлекеттік тіл мәртебесін жеке

дара иеленуіне өздері де қолдау жасауы тиіс!

Бұл жолда Қазақстан халқы Ассамблеясы мен Парламентіміз, қоғамдық-саяси күштер, зиялылар қауымы қайрат көрсетуі керек! 2015 жылы Елбасымыз тарихта тұңғыш рет Біріккен Ұлттар Ұйымында қазақша сөйлеп, бүкіл әлем президенттері алдында қазақ тілінде баяндама жасап, Қазақ хандығының 550 жылдығына керемет тарту жасаған еді.

«Енді ешкім өзгерте алмайтын бір ақиқат бар! Ана тіліміз Мәңгілік Елімізбен бірге Мәңгілік Тіл болды. Бұл мәселені даудың тақырыбы емес, ұлттың ұйытқысы ете білгеніміз жөн. Біздің тіліміз мемлекеттің барлық жүйесінде қолданылуы үшін, барлық жерде керек болуы үшін біз өзімізді өзіміз қамшылауымыз керек және осыған өзіміз атсалысуымыз қажет», - деген еді Елбасымыз.

Қазақ тілі Мәңгілік дауға айналмай, Мәңгілік елдің Мәңгілік тілі болуы үшін, Қазақстан Президенті Ұлт алдындағы қасиетті парызы мен міндетін орындауы керек! Ел ширек ғасырдан астам уақыт осыны күтіп келеді!

Өйткені, Кеңес Одағының құрамынан шықпаған Бодан кезімізде, қазақтардың саны республика халқының 39,7 пайызын құраған 1989 жылы қабылданған Тілдер туралы заң талабынан 28 жылдан соң, Бостан кезіміздің 26 жылында, 70-75 пайыз кезімізде шыға алмасақ, ешуақытта да шыға алмаймыз?!!

XX ғасырдың басындағы Алаш көсемдері «Оян, Қазақ!»- деп жар салғаннан бері бір ғасыр өтті. Биыл сол Алаштың 100 жылдығы! Тәуелсіздігімізге ширек ғасырдан асты! Енді Қашан Оянамыз? Жоғарыда көтерілген мәселелерді саралай келе біз, Қазақстанның қоғамдық ұйымдары, зиялы қауым өкілдері осы Ашық хатымыз арқылы өз ұсынысымызды мәлімдейміз:

– ҚР Конституциясының 7- бабының орыс тіліне байланысты 2-ші тармағы алынып тасталсын!

– Мемлекеттік тілді міндеттейтін Мемлекеттік тіл туралы заң қабылдансын!

2020 жылдың 12-сәуірі күнгі қол қоюшылардың саны – 30 138 адам.

Қол қою жалғасуда.

**«Жалғанда жалғыз ер бар Көпен деген,
Адам жоқ мұның сөзін көтермеген.
Басын кесіп аламын біреу айтса,
Көпені Оспанханның бөтен деген.
Бата беріп аузына түкіргенмін,
Содан кейін Көпенім жөтелмеген»...**
Бұл – сатира падишасы Оспанхан
Әубәкіровтің 1985 жылы «Көзі шегір көз
шәкіртіме» деген арнау сөзі.

Әрі қарай кеттік:
«Кім білмейді Әмірбеков Көпенді,
Әзілімен танытады өкенді.
Бір қарасаң – Алдаркөсе атасындай пып-
пысық.
Бір қарасаң – Қожанасыр атасындай
«өпенді».
Кім білмейді Әмірбеков Көпенді,
Күлкісімен танытады... көкенді...
Шығардың ба –
«Сіз» деп жүріп кіп-кішкетай қатесін,
Шығарады –
«Іздеп жүріп» сенің үлкен қатенді!».
Сатираның саңлағы Әбдіраштың Жарасканы
1992 жылы осылай депті. Әрі қарай кеттік:
«Жаксымен де жұғысқан,
Жаманмен де ұғысқан.
«Таз емес кой» десен де,
Тазшаменен туысқан.
Қасқырмен де ұлысқан,
Жолбарыспен жұғысқан.
Бір жаманы – бұл Көпен.
Менімен де туысқан!» – деген, поэзия
падишасы Қадыр Мырза Әли 2007 жылы. Әрі
қарай кеттік:
«Күлесің кеп,
Күлкіге бір тоймайсың,
Қанша таяқ жедің,
Неге қоймайсың?
Ажалыңа асық болған қарғадай,
Аспандағы бүркіттермен ойнайсың!» –
дейді айтыстың бапкері, ақын Жүрсін Ерман.
Әрі қарай кеттік:

«Көпен – қазақ қалжыңбастарының ішіндегі
қасапшысы. Кімді «бауыздаса» да, нені парша-
ласа да жанын ауыртпай «жанын» ала біледі.
Қасапшы болу да хас шеберден кем өнер емес.
Көпен шын сатирик, шын суреткер» – деген
екен танымал актер Тұңғышбай Әл-Тарази. Әрі
қарай тағы:

«Көпен Әмірбеков десеңіз жұрттың бәрі
біледі.
Неге десеңіз, бұл аузын ашса аузынан шок
түседі.
Ол шок, адамды күйдірмейді, күлдіреді.
Оның өзі үлкен өнер.
Жыртылған көңілді жамайды, мұнайған
көзді жадыратады.
Тіпті қиын-қыстау кезеңнің өзінде де елге
қуат береді.
Өзі өтімді, сөзі жалынды. Әрбір сөзінің
салмағы бар.

Егер де осындай азаматтар көп болса біздің
халықтың бақыты», - деген атақты жазушы
Шерхан Мұртаза.

«Бір өзі бір театрға айналған Көпен ол тек
сатирик-ақын ғана емес, өзінің жазғандарын
өзі орындаушы Петросьянымыз...» деген қоғам
қайраткері Мұхтар Құл-Мұхаммед...

Ең бастыларын ғана іріктедім. Көпен тура-
лы айтылғандарды жинақтап бастырса 2-3 том
кітап. Әрі қарай айтпаймын. Тоқтаймын. «Мен
дөкеймін» деген атақты ақын-жазушылардың,
«мен күштімін» деген саясаткерлердің, «мен
танымалмын» деген өнер адамдарының Көпенге
берген бағасы т-у-у анау жақта, аспанда,
өте жоғары және к-ө-п. Сол айтқандардың
барлығының келтіретін түйіні қандай? Бәрі де
бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай: «Көпен
түріне қарасаң аңқау, алданғыш бала сияқты.
Ал ісіне қарасаң, дана сияқты. Ол елдің жәйін
өз жәйінен бұрын ойлайды. Өз қамын былай
қойып, өзгенің қамын көбірек жейді» дегенмен
қорытынды жасайды. Бұл айтылғандарға 300
процент (пайыз дегім келмейді, почемому то)
қосыламын және қол көтеріп келісем.

Келісетінім, Көпенді с-о-н- а-у түбіг мұрт
студент кезінен жақсы білем. Ешкіммен қақпа
соқаңы жоқ, тыныш жүретін. Сөйтіп жүріп
студент кезінде-ақ танымал болды. Уығты сати-
расы «Лениншіл жас» газетінің бетін бермейтін.
Соңғы курста оның «Аты жоқ кітап» атты
сатиралық жинағы шыққан. Өй, сондағы бір
біздің курстың қыз-жігіттерінің дүрілдегенін
айт. Қолда Көпеннің жұқа кітабы. Бәріміз
бірімізден біріміз тартып алып бетіне үңілеміз.



**Әріс Яшүкірқызы,
Қазақстан Жазушылар одағының
мүшесі, ақын**

Қағазын парақтаймыз. Курстасымыз кішкентай
қыз Мариям Танашева бұл кітапқа дардай етіп
«Лениншіл жасқа» рецензия жазды. Мариям да
мықты. Алдында сабақ берген курстастардың
біреуі кітап шығарып, біреуі оған рецензия
жазғанына Темірбек Қожакеев риза болған.
Міне, сол кезден бастап-ақ өз басым Көпенді
үлкен дәрежеде құрметтеймін.

КазГУ-ді бітірдік. Жан-жаққа тарадық.
Көпеніміз туу Қиыршығыстағы Владивос-
ток қаласында екі жылдық әскери-партия
мектебіне кетті. Оқуға кетті ме, жоқ әскери
борышын өтеуге кетті ме, ол жағын білмеймін.
Білетінім: сол жерде иттерді үйрететін бөлімнің
жауынгерлерімен келісіп бір итпен құшақтасып
суретке түскен. Неге түскені тағы белгісіз.
Сол итпен құшақтасқан суретті Шымкенттегі
Мариямға салады. Суреттің астына «Мариям,
мынау менің сенен кейінгі ең жақын досым. Өзі
ұрғашы...» деген. Көпеннен хат алған Мариям
бұған не күлерін, не ашуланарын білмей «Әп,
бәлем, Көпен, бір келерсің, сосын көрсетермін
саған» депті. Сол итпен екі жыл өткен соң
әрең қоштасып елге оралды-ау Көпекең. Алған
шені мықты. Ол жақта да тыныш жүрмей,
командирлердің ішек-сілесін қатырып, көжесін
қақалдырып жөнді ішкізбеген ғой. Күлкіні,
әзілді орыс жұрты бізден де артық жақсы көреді
емес пе. Көпенді қимай-қимай шығарып салған.

Көпекең келе сала саяси сатиралық «Ара»
журналының бөлім меңгерушісі, жауапты
хатшы, сосын бас редакторы болады. Бұл бас
редакторлығының лауазымы бөлек тақырып.
Қызығы мен шыжығы қатар болған. Оспан-
хан көкесінің аузына түкіргенін көрсеткен
Көпен шенді, шекпенділерді аямай сатиралық
садаққа іле берген, түйрей берген. «Қойсай,
байқасай» дегенді көзге ілмеген. Біліктегі
шен-шекпенділер Көпеннен құтылу үшін
пәленбай жыл тарихы бар «Ара» журналын
жауып тастаған. Содан сол журнал әлі жабық.
Оған қысылған Көпекең жоқ. Сол уақыттарда
«Қымызхана», «Тамаша» әзіл-оспақ, ойын-
сауық отаулары ашылып дүрілдеп тұрған
кез. Соған ең белсенді автор Көпекең бо-
лып, сатиралары қойылымда жарқырады.

едік» десе, мәртебем онша байқалмай қалуы
мүмкін ғой. Соны тереңірек білетін Көпен мені
білмейтіндерге әдейі айтады. Ондағысы мені
көтеру, мені биіктету. Қалай риза болмайсың
курстасыңа, қалай сүйсінбейсің!

Көпен мақтауымды келтіріп тұрған соң
танымай тұрғандар маған басқаша көзқараспен,
бастарын иіп құрметпен қарай бастайды. Кей-
де бұған қысыламын. Қысылсам да төбем көкке
көтеріліп қалатыны анық. Немесе: «Ей, бұ-
қыз өзі жазбайды, жазса бар ғой анау-мынау
сатириктерің жолда қалып қойып деп тұр» деп
қосымшалап қоятыны тағы бар. Міне, Көпеннің
жұрт дегендегі жүрегі, көрсеткен ілтипаты,
құрметі мен жақсылығы. Сөз етпегім негізі бұл
емес.

Көпен көркем мінезді жігіт. Кім менен
«Көркем мінезді жігіт қандай?» деп сұраса мен
Көпенді көрсетер едім. Енді жариялап отырмын.
Ол қарапайым. Кеуде көтеру деген жоқ. Бүкіл
адамдармен тең дәрежеде сөйлеседі. Оларды
тыңдай біледі. Өзін де оларға тыңдата біледі.
Ер, әйел, қыз-келіншек, қария, қарт, бозбала,
жігіт ағасы бәрі-бәрімен тіл табысқыш. Өзінің
атақ, даңқы, дәрежесіне қарамай елпілдеп
сөлемдесіп, халін сұрап кез келген ортаға сы-
надай кіріп кете береді. Және кіммен сөйлесе

КӨПЕН -

Кейін өзі «Көпен келе жатыр...» пародиялық
әзіл-сықақ театрын ашты. Шота-Аман
Уәлихановты, Заманбек Нұрқаділовты, Олжас
Сүлейменовті, Шерхан Мұртазаны, Мұхтар
Шахановты, Роза Бағланованы, Роза Рымбаева-
ны, Мақпал Жүнісованы, Тұңғышбай әл Тара-
зиды пародиялады. Пародияны да түсінетіндері,
түсінбейтіндері бар. Көпекең «Сенікі жөн» дей
қойғандары мұнда да шамалы.

Көпен мұның алдында 1978 жылы Мәскеуде,
1980 жылы Ташкентте өткен Бүкілодақтық
жас сықақшылар фестиваліне қатысып, басқа
ұлттың ел-жұртына да танымал бола бастаған.
Оның «Правда» баспасынан шыққан «Надейся
и жди», «Крохотные звезды» атты орыс тіліндегі
ұжымдық жинақтарға енген әзіл-сықақтары топ-
тәуір дүние екен деп орыс сатириктері жоғары
бағалап, лауреат атанған.

Көпенде дамыл жоқ. Ылғи іс сапарда
жүреді. Бүкіл Қазақстан облыстарында ең
кемі үш-төрттен болған шығар. Мен Торғай
облысының орталығы Аркалықта жүргенде
сол қалаға келді. Кездестік. Астанаға қоныс ау-
дардым. Мұнда кездестік. Сондықтан ба, басқа
курстастармен салыстырғанда Көпенді жиірек
көріп, кездестірем. Оған әрине, қуанып қалам.
Курста екеуміз бір топта оқыдық. Екеуміз де
сатира тақырыбынан Темірбек Қожакеевтен
диплом жұмысын алып, екеуміз де «беске»
қорғадық. Әлгі көп журналистер «Шерханның
шинелінен шықтық» дегендей, Көпен екеуміз
де Қожакеевтің қоңыр күлісінен шықтық.
Қыздың сатирасы қырсық болады-ау, мен са-
тира тақырыбында кейде қылаң етіп қылт етіп,
кейде сылаң етіп сылт етіп көрінем де, арасында
жоқ боп кетем. Көпен болса басқа тұлға ғой.

Өзімді онымен салыстыра алмаймын. Көпен
жәй-күйімнің бәрін аңғарғыш. «Осы қыз таныла
берсінші дей ме «Арада» жүргенде сатирамды
үзбей жариялап, мені жарқыратып көрсетудан
танбады. «Қазақ әдебиеті» газетінің сатиралық
бұрышын басқарғанда да қатардан қалдырған
жоқ. Телеарнада Көпеннің басқаруымен бұрын
өмірден өткен танымал тұлғаларды еске ала-
тын «Көзкөрген» атты арнайы хабар жүргізді.
«Өріс, сатирик ағаларыңды білесің ғой, со-
лар туралы естелік айтып бер» деп оған да
шакырды. Әйтеуір, тырнақтай мүмкіндігі болса,
тыным бермей танымдық хабарға қатысуыма,
сатиралық басылымдарда көрінуіме ылғи да
сүйрелеп алға тартып жүргені. Міне, осындай
орталарда «Мынау қыз кім?» деп мені ыммен
сұрайтындарға Көпен: «Бұл қыз күшті сатирик
қой. Менің тұрғасым. Қожакеевтен екеуміз
сатирадан диплом қорғадық. Мен «төртке»,
Өріс «беске» қорғап шыққан қыз» дейді.
Үнемі осы сөзінен жаңылмайды және. Атағы
жер жарған Көпен өзін әдейі төменірек, мені
жоғарырақ қояды. «Екеуміз де «беске» қорғап

де ортақ тақырыпты кеулетіп, жандандырып,
әлдендіріп, түрлендіріп, түлетін жіберуге
шебер-ақ. Кейде осыған таң қалып басымды
шайқаймын.

Көпен ерекше феномен. Біреуге көмек
беруге жаны құштар. Содан ол жанына ләззат
алады. Қазақстанның барлық өлкесіне іс са-
парлап жүргенде сонда тұратын, не жұмыс
істейтін курстастардың жағдайын біліп, көмек
қажет болса жәрдем беруге өзінің бар беделін
жұмсайды. Көпенді күтіп жүрген жергілікті
әкім-қаралар аянсын ба, Көпеннің бір ауыз
сөзін жерге қалдырмай өтінішті табан астын-
да орындап береді. Міне, азаматтық! Басқа
жұрттарды атамай-ақ өзіміздің арамыздан-ақ
мысал келтірейінші. Курстастарымыз Айкөрген,
Сейітбай, марқұм Қонай, Мариям, тағы кім
еді, ұмыттым... Бәрінің кейбір отбасылық
жағдайларына Көпеннің тікелей көмегі тигені
бар.

Мен бір күні Көпенге:
– Көпеке, пәленше саған «иттік» жасаған.
Мен білем. Бірақ, сен соған қарамастан оған
үнемі жақсылық жасап жүресің. Неге? – дей
бергенде сөзімді бөліп:

– Жамандыққа жақсылық жасауды Тәңіріміз
де қолдаған. Оған әдейі жақсылық жасай берем.
Қолымда тұрған соң аянайын ба. Мүмкін бір
күні өзі түсінер, сосын ұялар, ал ұялмаса өз
білсін! – деді. Нағыз асыл сөз. Ол осы пікірінен
әлі өзгермей келеді.

Көпеннің туған інісі Базарбай Түкібаевпен
қатар жүріп, қатар тұрып содан Көпенге келе-
келе Базарбайдан да артық жақын болып кеткен
ақын, Қазыбек Иса інісі:

– Менің Көпен көкем шынында да феномені
ерекше жан. Руханиятымызға әркезде қамқор
болған, рухы биік Ислам Әбішевті бүкіл
қаламгерлер біледі. Қазір бір жылдан аса уақыт
болды, жазықсыз жаламен абақтыда отыр.
Кезінде осы Исекең көп ақын, жазушыларға
қолдан келген жақсылығын жасады. Шынын
айтқанда, аянбай өзі араласқан қаламгерлердің
біразына сый-сияпатын да көрсеткен еді. Ал,
басына іс түскен кезде солардың көбісі сырт
айналып шыға келді. Көпен көкем ғана өз
адамгершілік қалпын сақтап, Ислам Әбішевтің
сотына жиі барып, қолдау көрсетті. Шын
жүрегімен елпілдеп жанашырлығын танытты.
Осыны көзім көрді. Бұл да бір айта жүретін,
көңілге сақтап қалатын азаматтық болмыс, –
дейді ол Көпеннің адамгершілігі жайында сөз
қозғап.

Қазір жас сықақшылар театры көбейді.
Сахнада тез бедел алып кетуі үшін олар кейде
Көпенді шақырады. Уақыт тауып оған Көпекең
барады. Пікірін айтады. Халық Көпеннің
төбесін көрген соң әлгі театрдың әртістеріне де,
Көпенге де риза болып қайтады. Мұның сыр-

тында небір өнер саласы бойынша өткізілетін түрлі конкурс-байқауларға қазылар алқасының төрағасы, кейде қатардағы төрешілігіне Көпен міндетті түрде шақырылады. Қатысады. Сонда сайысқа түскендердің әлсіздеу жағына да қосымша бал қойып, жоғары шығып кетуіне қолдау көрсетіп отырғаны.

Бір күні Көпекен курстастар чатына «Жайдарман» әзіл-сықақ отауында отырғанын айтып, артынша бір топ қыздармен түскен суретін салып жіберіпті. Өрімталдай әдемі қыздар қып-қызыл киініп алыпты. Ортасында көңілі шаттанған Көпеніміз. «Біздің курстағы жетпісті алқымдаған, одан әрі асқан жігіттердің, Көпекеннің бұл тұрғысына іштері өртеніп, қызға да, қызғана да қарап отыр-ау» деп мен Көпенге:

Сенсің бе, Көпен, расында,
Қып-қызыл қыздар қасында.
Дәл осындай «Жайдарман»,
Болмады-ау, шіркін жасында.
Жүре бер жүйрік Көпен-ай,
Емессің бізге бөтен-ай,
Қыздардан қызып қуат ал,
Бұл уақыт та өтеді-ай..
Құрдастар жүр-ау қызығып,



БАҒАЛАНАР МА САТИРА?

Орыстар жиі жылап, жиі күлсін,
Бір-бірін сүйер болса сүюі шын.
Бағалап сатирасын сары алтын-дай
Өледі Петровы мен Ильфи үшін.

Түріктің Әзиз бейі Несинін айт,
Танылған жарты әлемге есімін айт.
«Әз Әзиз падишасы әзілдің» деп
Тербеткен туған елі бесігін айт.

Көпен-Бей емес еді осал адам,
Күлкіден езу шіркін босамаған.
Садағы бар тілінің, оғы бар деп
Көпенге мәртебені жасамаған.

Талай жын жым болып ед
«Арадағы»,
Талай сұм құм болып ед
даладағы.
Ым мен жым, қу менен сұм
бірігіп ап,
Көпенге оң көзбенен қарамады.

Курстас, қайран менің Көпенім-ай,
Қыртысты тегістейтін өтегім-ай,
Несиннен нең кем еді, бағаласа
Мемлекеттік сыйлыққа көтеріп-ай?!

КӨПТІҢ АДАМЫ

Тұрғанда қыздар тізіліп.
Қызыл гүлдей қыздарға

Ойлары тұр-ау бұзылып?..– деп бір ауыз өлең жолдамаймын ба. Максатым, сатирикті әзілмен қажу, сөйлету ғой. Оған қысылар Көпекен бар ма, лезде маған: Өріс, өлеңің тамаша екен. «Жайдарманнан» жана шықтым. Алғашқы шумағына мына сөзді тіркеп жібер:

Жетпіске келген шағында,
Жетенде тұрар жүз үміт,
Баяғыдай қарайсың,
Бір тамшыдай үзіліп.
Жанардағы сөзінді
Тұрады іштей қыз ұғып.
Қалқатаймен қоштасып,
Қайтасын үйге сызылып,
Танда тарқар сәт қайда,
Жатасын-ау кіжініп!...– депті, менің

айта алмағанымды аузыма салып. Бұған не дерсің? Сонда Көпекеннің «Жайдарманның» қыздарымен бірге болып, үйге қайтып бара жатқан уақыты түнгі сағат 12-нің шамасы. «Таңға дейін болмадым-ау» деген өкінішін білдіргеніне күлесің. Міне, біздің Көпекеннің әзіл-сықақ отауларымен араласы, жұмысы.

Көпеннің отбасымен арагидік араласам. Тіл көзден сақтасын, Әйгерім атты жас, әрі сұлу келіншегі Құдай бере салған жан.

Өзі қонақжай. Көпекеннің жаңағыдай түн болсын, күн болсын ертіп келген қонағына адал көңілімен ақ дастарханын жайып, қарсы алатыны қуантады. Бұл да болса ержігіттің негізгі бакыты ғой. Көпекен алпыс бес жасқа келгенде Әйгерім шекесі торсықтай, Көпеннің өзінен айнамайтын Жұбаныш атты көк көз бір ұл туып берді. Бәріміз қуандық. Бір жасқа келгенде той жасап, біраз жақын-жуықтың басын қосты Көпекен. Бір жасқа толған сабиге тілектер айтылып жатыр. Осы тойға шақырылған дөкей

қаламгер, акын, бірнеше атағы бар Қазыбек Иса інісі қызмет бабы болар, дәлелді себеппен қатыса алмайтын болған. Акын інісі бейтарап қалушы ма еді:

Жақсылықтар жеткізсін жыл құсы көп,
Жүйрік тұлпар өзіндей жүр кісінеп.
Көпен көке, көп жасап, көктей бергін,

Көбейтудің көрнекті үлгісі боп!...– деп осы бір шумақ өлеңді Фейсбук парақшасына жариялап, сәлем жолдапты. Қазыбек інісінің Көпекене арнаған бұл өлеңін көпшілік іліп өкетіп, әзілдеп «Көбейтудің көрнекті үлгісің сен» деп Көпекенді бір қызартқаны есімде.

...Көпеннің білмейтіні жоқ. Құдай-ау, бәрін есіне ұстағыш, сақтағыш. «Пәлен жылы Пәленшекең былай деген. Сонда Түгеншекең оған былай деген» деп атақты адамдардың өзара қызу диалогтарынан сыр шертіп отырады. Мен таңқаламын. «Қалай бәрін есінде сақтап қалады екен?» деп. Тұнып тұрған шежіре.

Талайдың мерейлік тойын тойлап, шығармашылық кешін ұйымдастырып, сөзін сөйлеп, арнау әзіл жырымен арғымақша шауып жүрген Көпекен де биыл көктемде жеті белеске жетіп қалыпты-ау! Көпеннің елу жас, одан соң алпыс жас мерейтойында күттім. Нені? Құдай-ау, «Қазақстанның Оспаннан кейінгі көзге түсер, әзіл-сықақтың падишасы Көпен Әмірбекке, жалпы қазақ сатириктеріне Қазақстанның Мемлекеттік сыйлығы неге берілмеске?!» деп. Сол он жыл бұрын ойыма келген оралымды ойлар, ақ тілегім бір-екі ауыз жыр болған. Бұл өлең «Қараша қаздың қаңқылы» атты өлеңдер жинағымының арасында бар. Осы өлеңді тағы бір қайталаудың қазір де жөні бар сияқты.

САТИРА САРДАРЫ

Қазақ сатирасының сардары, көрнекті қаламгер Көпен Әмірбек көкеміз де жемісті жетпіске жетіпті! Алла жар болсын!

Көпен көкемді мен ең алғаш «тірідей» сексенінші жылдардың аяғында көрдім. Сол кезде Алматыда жас акын-жазушылардың Республикалық «Жігер» фестивалы дүрілдеп өтетін. Соған Оңтүстік Қазақстан облысынан Әкім Ысқақ екеуміз келген едік. Көпен ағамызбен жақын танысуға себеп болған інісі, досым Базарбек Түкібай мен сол кездегі жанып тұрған сатирик, бүгінде өзі де алпыстың асуына шығып отырған белгілі қоғам қайраткері Әкім Ысқақ еді.

Көпекеннің «Нива» машинесі бар екен. Жазушылар одағынан шығып, сол мәшинеге мініп, Әуезов-Тимирязев көшелері қиылысындағы Халық шаруашылығы жетістіктері көрмесіндегі мейрамханаға келіп отырғанбыз. Көпекеннің тек алдыңғы екі есігі ғана ашылатын көлігіне мініп-түсіп жатқанымызда ағамыз: Әйгілі сатирик Садықбек Адамбеков көкем осы машинем бір мінгенде: «Мынауың құйрықтан бір теуіп мінгізіп, сақалыңнан сүйреп түсіретін көлік екен» деді деп, бәрімізді бір күлдіріп алған еді.

Өзінің де тілінің тікені бар сықақшы Базарбек Түкібай 90-шы жылдары Алматыдағы біз тұрған 10-шы ықшамаудандағы шағын базар директоры болып істегені бар еді. Сол кезде «Тіршілікке икемің жоқ, боссың, Ерсұлтан інің секілді тастүйнек болмайсың ба» деп үнемі ұрсып отыратын Көпен ағасына жетіп барып, желпініпті: «Базарға директор болдым» деп, мақтау дәметіп. Сонда Көпекен інісіне шегір көзімен шегедей қадалып: «Алаяқ болыпсың ғой» деген екен. Осыдан он жыл бұрын Көпен ағамның Отырардағы алпыс жастағы тойына қатысып қалдым. Сол кезде кезегімен маған да сөз бергенде көкеме арнап суырып салғандай экспромт жыр оқып бердім. Көпекене бұл арнау қатты ұнап сұрағасын, уақыт тауып сол жерде бір парақ қағазға апыл-ғұпыл түсіріп, жазып бере салғанмын – содан ол өлең қайтып өзімнің қолыма түспеді...

Көпекен алпыс бесінде жас жеңгемізден Жұбаныш атты ұл сүйіп, ініміз бір жасқа толғанда Астанада дүрілдетіп тұсаукесерін жасады. Иссапармен Алматыда болып, келе алмай қалған мен:

Жақсылықтар жеткізсін жыл құсы көп,
Жүйрік тұлпар өзіндей жүр кісінеп!
Көпен аға, көп жасап, көктей бергін,
Көбейтудің көрнекті үлгісі боп!–

деп, бір шумақ өлеңмен Фейсбук парақшама құттықтау жарияладым. Бұл бір шумақ өлеңді Көпекене ертеңіне үйіне құттықтауға келгенде, руханиятқа қамқор, рухы биік қайраткер, қазір бір жылдан аса абақтыда жазықсыз жаламен

отырған Ислам Әбішев оқып беріп, риза етіпті.

Ислам Әбішев демекші, Көпен ағамыз Исекеңнің сотына жиі барып, қолдау жасап келеді. Кезінде Исекеңнің көп жақсылығы мен сыйын көрген көп акын-жазушылар, тіпті кейбір достары төбесін көрсетпей, жоғалып кеткенде, Көпен Әмірбек көкеміздің бұл адамгершілігін үлкен азаматтық деуге болады.

Сондай-ақ ұлттық мүддемізді қорғау жолында да ағамыз үнемі қайрат көрсетіп, үн қосып келеді. Кез келген келеңсіздікті бір ауыз сөзімен қылыштай қиып түсіріп, шындығын айтып салып отырады. Ақиқаттың ақ туын ешқашан қолынан түсірген емес.

Мен елуге толғанда Оңтүстік сапарында Мұқтар Шаханов, Дулат Исабеков, Темірхан Медетбек, Көпен Әмірбек, Қасымхан Бегманов, Қалдыбек Құрманәлі, Жұбаныш Жексенұлы және т.б. бірге жүріп, жеті жерде кездесу кеші өтті. Сонда елдің бәрін аузына қаратып, әзіл-қалжың әңгіме айтып, думан ғып отыратын көбінесе Көпен көкеміз.

Қай жерде, қасында қандай әкім, не министр немесе әйгілі әнші, өнер жұлдыздары, акын-жазушылар болсын, елдің бәрі алдымен Көпен Әмірбекпен суретке түсу үшін кезекке тұрады...

Көпен көкемізбен отырған әр отырыс – бір театр. Кейінгі кезде Астанада Алтынбай сері бауырымыздың үйінде жиі бас қосамыз. Отырған жерін күлдіріп, талай тарихтың құпиясын білдіріп отырады.

Кейде әлі күнге темір тұлпарды өзі жүргізетін Көпен ағамыз, жыын-тойлардан соң мені үйге немесе жұмысқа дейін жеткізіп тастайды. Фейсбук парақшамда: «Мен ең мықты акынмын, өйткені астанадағы жүргізушім Көпен Әмірбектің өзі!» деп жазып жүргенім де сондықтан ғой...

Өткенде еліміз бойынша төтенше жағдай жарияланған соң, Көпен ағамыздың үш қаладағы ел күткен мерей-тойы кейінге қалдырылды.

Құдай қаласа, төтеннен келген індетті жойып алсақ, Қазақ сатирасының сардары, көрнекті қаламгер-қайраткер Көпен Әмірбектің мерейтойын қалың ел болып тойлауға жазсын деп тілейміз!

Жүзіңіз жарқын күйде Жүзге жетіңіз, Көпен көке!

Қазыбек ИСА
Qazaquni.kz



ЖЕР БЕРУГЕ БОЛМАЙДЫ!

ЕАЭО ЕЛДЕРІНЕ ЖЕР БЕРУ МӘСЕЛЕСІ «АҚ ЖОЛ» АРАЛАСЫП, ТОҚТАТЫЛДЫ

Үкімет сайтындағы ЕАЭО елдері кәсіпорындары үшін жер беру мәселесі туралы заң жобасы дайындалуда деген ақпарат елдің бәрі өре түрегелді! Осыдан 4 жыл бұрын жер дауы көтерілгенде-ақ, 2016 жылы Қазақстанның демократиялық күштер жалпыұлттық коалициясының Жер реформасы мәселесіне арналған отырысында бұл мәселеге қарсы шыққан «Ақ жол» партиясы төрағасы, Мәжіліс депутаты Азат Перуашев тағы да бірден қарсылығын білдірді.

Твиттердегі аккаунтында: «Мемлекеттік органдардың ЕАЭО-ға қатысы бар кәсіпорындарға Қазақ жерін меншікке беруге шешім дайындауына байланысты, «Ақ жолдың» ұстанымы: сепаратизмді болдырмау үшін, шекаралас елдердің азаматтары мен компанияларына жерімізді беруге болмайды!», – деп жариялады. Сонымен бірге бұл мәселеге қарсы Үкіметке депутаттық сауал



дайындап жатқанынан хабардар болған соң Үкімет сайтынан әлгі 21 сәуірге дейін талқылауға қойылған «қаралы хабар» жоғалып кетті де, бұл мәселе қайтып көтерілмейтіні белгілі болды!

Құдайға шүкір дейік! Бұл мәселеге белгілі қоғам қайраткерлері Ермұрат Бапи, Мұқтар Тайжан, Margulan Boranbaular да

фейсбук парақшаларында аттан салып, дабыл қағып шыққан болатын! «Ақ жол» араласып, мәселе күн тәртібінен түскесін Марғұлан Боранбай жүрекжарды лебізін парақшасына жазып жариялады! Рахмет Марғұлан Боранбай бауырым! Жарайсың! Нағыз Ұлтшылдар осылай әділін айтып отыруы керек! Жер ЕАЭО елдеріне беріліп кетсе деп елдеген елдің көңілі енді

орнына түсуде!

Қалғып кетсең, қағып түсер қастық ниеттегілер қайдан пайда бола береді?! Енді осы заң жобасына кім бастамашы болды, соны анықтап, жазасын беру қалып тұр!

Қайта-қайта қастық пиғылдар бас көтере бермеу үшін!

«Женістің иесі көп», – дегендей, бүгінде бұл мәселені

өздерінің ұпайларына жазғысы келіп жатқандар да табылуда. Мейлі ғой, ең бастысы Жер мен Тіле елдің қарсылығын көбейтсе бергені. Бірақ, әрине, марғасқа Марғұландардай әділін айтқанға не жетсін?!

Қазыбек Иса,
Қазақ үні

«АҚ ЖОЛ» ҰЛТТЫҚ БАНКТИҢ БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕНІ ТӨМЕНДЕТУ ТУРАЛЫ ШЕШІМІН ҚОЛДАЙДЫ БІРАҚ ОНЫ КЕМ ДЕГЕНДЕ 5-7%-ҒА ДЕЙІН ТӨМЕНДЕТУ КЕРЕК ДЕП ЕСЕПТЕЙДІ

«Ақ жол» Демократиялық партиясы ҚР Ұлттық банкінің 2020 жылғы 3- сәуірдегі базалық мөлшерлемесін 12%-дан 9,5%-ға дейін төмендету туралы шешімін қолдайды. Бұл шешім қазіргі дағдарыс жағдайында елдің әлеуметтік-экономикалық ахуалына оң ықпал етеді деп санайды.

Естеріңізге сала кетейік, «Ақ жол» Демократиялық партиясы осыдан үш апта бұрын, яғни 2020 жылғы 11-наурыздағы депутаттық сауалында Ұлттық банктің алдындағы, 10-наурыздағы банк мөлшерлемесін 9,25%-дан 12%-ға дейін күрт көтеру туралы шешімін ресми сынға алған еді. Бұл шешім мөлшерлемелерді көтеру экономиканың өсуі кезінде қолданылып, ал дағдарыс кезінде керісінше, несиелерді арзандату туралы контрциклдық тәртібіне қайшы екенін мәлімдеме жасаған болатын. Дамыған елдердің орталық банкілері керісінше тиісті индикаторларды едәуір төмендеткені тегін емес, ал, АҚШ-тың Федералдық Резервтік Қоры өзінің мөлшерлемелерін тіпті 0%-ға төмендетті.

Партия депутаттары өз сауалдарында, сондай-ақ ҚР Ұлттық банкінің мөлшерлемелерді көтеруі және екінші деңгейдегі банкілерде несиелер бойынша пайыздың өсуі отандық өндіріске тиімсіз екенін және Қазақстан ішкі нарығының импортқа тәуелділігі күшейетінін айтқан болатын. «Ақ жол» Демократиялық партиясы азық-түлік пен жалпы халықтық тұтыну тауарларын өндірушілерге арзан әрі ұзақмерзімді несиелер беруге, өндірістік емес және сыбайластық кедергілерді жоққа шығаруға шақырды. Алған

соққыны бейтараптаңдыру үшін базалық мөлшерлемесін кем дегенде 5-7% дейін төмендетіп, негізгі тауарлар өндірісін несиелендіруді жандандыру, тұтынушылық несиелерді екі есе арзандату, шағын және орта бизнес жұмысын және оның қызметкерлерінің кірістерін қамтамасыз ету қажет деп санады.

Сонымен бірге, дағдарыстың бас кезінде базалық мөлшерлемесін көтеру де жіберілген қателіктер жағымсыз экономикалық және әлеуметтік нәтижелерге соқтырды. Дағдарыс басталған өткен айда бірде-бір банк қиын жағдайға ұшыраған азаматтар мен шағын және орта кәсіпкерліктен төлем өндіруден бас тартпады. Бұл олардың Ұлттық банктің базалық мөлшерлемелерді бастапқы көтеруін несиесіз қатайту белгісі деп қабылдағанын аңғартады.

Қаржылық нарықты реттеу Агенттігінің жақында қарыз алушыларға тіпті, ескерілмеген қиындықтар кезінде тек төтенше жағдай кезінде төлемдерді кейінге қалдыру (қарыздарды банкілер талабымен кейіннен өтеу арқылы) шешімін кешіктірілген және жеткіліксіз деп санайды. Онда азаматтар мен кәсіпкерлердің жаппай зардап шеккені ескерілмеген. Төтенше жағдай ұлттық деңгейінде енгізілді, коронавирустың ошақтары шектеу мен жоюдағы оның тиімділігі күмәнсіз. Дегенмен, дәл осы жағдай экономикадағы күйзеліске, шаруашылық байланыстардың үзілуіне және ондаған мың азаматтардың жұмысынан айырылуына әкеп

соқты. Егер адамның алдында отбасын асырау немесе банкке несие төлеу таңдауы тұрса, таңдау қайсысы болары айқын. Бірақ содан кейін мыңдаған отбасылардың және экономикаға қосқан үлесі 29%-дан астам және жұмыспен қамтуға 40%-дан асатын шағын және орта бизнестің үлкен бөлігінің жойылу қаупі бар. Мемлекет бұның оннан бір бөлігін де жоғалтуға дайын ба?

Сондықтан, қиын жағдайға тап болған қарыз алушылар үшін төтенше жағдайлар кезінде несиелер бойынша төлемдерді толығымен алып тастау шараларын әзірлеу қажет. Агенттік бұны уақыт созбай бір ай бұрын дереу жариялауы керек еді. Біз екінші деңгейдегі жетекші банкілер Ұлттық банктің базалық мөлшерлемесін төмендету туралы шешімінен кейін, мемлекеттің қатысуымен осындай шешімдер қабылдауға дайын екендіктерін мәлімдеуі дұрыс болар деп санайды. Бұл әр банктің сөзбен емес, іс жүзінде өз клиенттеріне қолдау көрсетуі болатын еді.

Дәл осындай бастамалар коммуналдық және басқа да монополистерден де шығу керек. Әрине, бұл банкілер мен монополистер үшін едәуір шығын болатыны белгілі. Бірақ таразының екінші жағында – он мыңдаған отандастарымыздың жоқшылыққа ұрынуы тұр. Бұл қазіргі әлеуметтік-экономикалық жағдайдың басты мәселесі болып табылатын – қоғамның бай және кедей топтарға бөлінуінің нәтижесі.

Несие жағдайларымен бірге, жергілікті мемлекеттік органдардың азаматтарға мемлекеттік қолдауға бөлінген

42 500 теңге мөлшердегі төлемдерді, азық-түлікке аса мұқтаж көпбалалы аналар, мүгедектер, қарт адамдарды қамтамасыз етуге кеш қимылын көрсетті. Әлеуметтік желілерде азаматтардың наразылығы, ұзын-сонар кезекке тұруы мен мемлекеттік қызметшілердің күмілжітіп ақталулары туралы хабарламалар қаптап жүр. Дағдарыс әлеуметтік қамтамасыз ету қызметтерін, білім беру, қаржы салаларын цифрландыру, шағын және орта бизнесті қолдау және тағы басқа көптеген миллиардтар жұмсалған мемлекеттік бағдарламаларды орындауда үлкен олқылықтардың бар екенін анық көрсетті. Шенеуніктердің айтқандарына керісінше, әлеуметтік төлемдерді ресімдеу үшін ресурстар бірнеше күн бойы көпшілік үшін қол жетімсіз болып кетті. Өңгіме құжаттарды толтыруда емес. Әр сағат қымбат болған дағдарыс кезінде, бюрократиялық және қатып қалған әдістемелерден арылу керек. Адамдарға қысқа мерзімде, бірер сағат ішінде қаржылай көмек көрсетуді, өздері жүре алмайтын, кезекке тұра алмайтын адамдардың бәріне үнемі азық-түлік таратуды қамтамасыз ету керек. Алаяқтарды кейін де анықтап, жазалауға болады; ал мұқтаждардың тізімін әлі созбай дәйектеу, мысалы, бала күтімі бойынша демалыста АӘК алмайтын аналарды қосу керек сияқты.

Қиыншылықтар тек бірлікпен еңсеріледі. «Жалғыздың үні шықпас, жаяудың шаңы шықпас» дегендей, дәл бүгін халқымыз бірге жұдырықтай жұмылып, Төтенше жағдай жөніндегі Мемлекеттік



комиссия нұсқауларын, Үкімет тапсырмаларын орындауы керек. Еліміз бұл сынақты да абыроймен өтіп, ал мемлекеттік органдар өздеріне жүктелген зор жауапкершілікті еңсереді деп сенеміз, – делінген «Ақ жол» партиясының мәлімдемесінде.

Бірақ жағдай тұрақтанғаннан кейін нақты қаһармандарды – медицина мен полиция қызметкерлерін, волонтерлерді құрметтеп қана қою азық ететіні анық. Бізге атқарған жұмыстарды талдап, қателіктерден сабақ алуы жөнінде үлкен жұмыс өткізу қажет. Оның ішінде, мемлекеттік басқару жүйесінің нақты тиімділігін бағалап, саяси өзгерістер, қоғам мен парламенттік институттардың рөлін күшейтуді болмайтыны анық. Соның ішінде – байлар мен кедейлердің арасындағы әлеуметтік алшақтықты азайту, әділетті мемлекет пен адал экономиканы құру сияқты басым міндеттері тұр.

Қазақстанның «Ақ жол» Демократиялық партиясының баспасөз қазметі

ЖУРНАЛИСТЕР ЖҰМЫСЫ ТОҚТАМАЙДЫ



Бүкіл әлемге жайылған коронавирус індеті біздің елімізге жетіп, көптеген қиындықтар әкелді. Кәсіпорындар мен сауда орталықтары жұмысын тоқтатып ел экономикасына кері әсерін тигізе бастады.

Індеттің алдын алып, қауіп-қатерді азайту үшін бірқатар қалаларда карантин жарияланды. Тұрғындардың денсаулығын

сақтау мақсатында олардың жүріп-тұруына шектеу қойылды. Тек қана күнделікті тұрмысымызға аса қажет салалардың ғана қызметі өз жұмысын жалғастырады. Халықты азық-түлікпен қамту, медициналық көмек, құқық қорғау қызметі сияқты БАҚ саласына да белгілі бір дәрежеде жұмыс істеуге рұқсат берілді.

Бұл туралы ҚР Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен

Абаев карантиннің күшейтілген режимінде БАҚ редакцияларына арнайы үндеу жасаған болатын. «Арнайы бұқаралық ақпарат құралдарының редакцияларына айтармыз, қызметкерлерді қашықтан жұмыс істеуге жіберу қажет. Қалада жұмыс бабымен жүру үшін журналистің өзімен бірге қызметтік куәлігі және редакциялық тапсырма туралы анықтама болуы қажет. Анықтаманы телефоннан да көрсетуге болады», – деді Дәурен Абаев.

Бүгінгі жаһандану заманында ақпараттанудың маңызы өте зор. Ашық ақпарат болмаса, қоғамда адасу орын алады. Сондықтан қандай қиын жағдай туындаса да біздер журналистер өмірдің ортасында жүруге, шынайы ақпаратты бұрмалаусыз миллиондаған адамдарға жеткізуге міндеттіміз. Бұл міндетті біздің әріптестеріміз абыроймен атқарып шығатынына сенімдімін.

Жандос МҰРАТБЕК
Алматы қаласы

■ ҚОҒАМДЫҚ САНА

Еліміздің Тұңғыш Президенті Нұрсұлтан Назарбаев «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласында атқа міну мәдениеті туралы басымдықты бірінші орынға қоя отырып, жылқыны халқымыздың қазақы болмысын айқындайтын басты құндылық ретінде дәріптейді. Бұл тұрғыда жылқыны дәріптеп қана қоймай, атқа міну мәдениетін өскелең ұрпақтың бойына сіңіре отырып, олардың қоғамдық санасын жаңғыртуды жолға қоюымыз қажет.



ЖЫЛҚЫ – ҚАЗАҚЫ БОЛМЫС СИМВОЛЫ

Аталмыш мақалада: «Жылқыны қолға үйрету арқылы біздің бабаларымыз өз дәуірінде адам айтқысыз үстемдікке ие болды. Ал жаһандық ауқымда алсақ, шаруашылық пен әскери саладағы теңдессіз революцияға жол ашты. Жылқының қолға үйретілуі атқа міну мәдениетінің де негізін қалады. Бес қаруын асынған салт атты сарбаз айбарлы көшпенділер империялары тарих сахнасына шыққан дәуірдің символына айналды», – деп тілге тиек етеді.

Атқа міну мәдениетіне айрықша мән берген Елбасы бұл тұрғыда ат спортын дамытуды мықтап қолға алу қажеттігін де нұсқап тұрғандай. Атқа міну, яғни ат спорты ішкі жан дүниеге тыныштық сыйлап қана қоймай, адамды физикалық тұрғыдан да дамытады. Ат сабақтары кезінде барлық бұлшық ет топтары жұмыс істейді, тыныс алу және жүрек-қан тамыр жүйесіне елеулі әсерін тигізеді. Атқа міну адам сымбатын тіке ұстауға, артық салмақтан арылуға, ішкі органдардың жақсы жұмысына ықпал етеді. Иппотерапия балаларға да, ересектерге де өз қорқыныштарын жеңуге, ДЦП сияқты қорқынышты диагноздардың салдарын, жүрек-қан тамыр жүйесі жұмысының бұзылуы, аутизм және басқа да ауруларды жеңуге көмектеседі.

Емдік атқа міну адам ағзасын нығайтады. Ол кезінде ат салт атты әр 60 секунд сайын 90-нан 110-ға дейін қозғалу импульстерін береді. Бұл барлық ішкі ағза жұмысын қамтамасыз етеді.

Қазақстанда бұл спорт түрінің өз дәстүрлері бар. Мысалы, қазақтарда ат ойындары аттардың жауынгерлік дайындығын тексеру кезінде қолға

алынған.

Елімізде ат спортына ерекше көңіл бөлінген, әр аймақта Ат клубтары, арнайы сол аттарды баптап, дайындайтын ипподромдар бар. Қазақстанның салт аттылары 1956 жылдан бастап, Қазақстанда алғашқы ат спорт мектебі құрылғанда, 1993 жылға дейін КСРО-ның барлық чемпионаттарына қатысып, осы жарыстардың бірнеше дүркін жүлдегерлері атанды.

Қазақстан командасы XII Азия ойындарына (Жапония), XV Азия ойындарына (Катар), XVI Азия ойындарына (ҚХР), XVII Азия ойындарына (Корея) қатысты. Сондай-ақ, 2014 жылы Нормандияда, Францияда (әлем чемпионаты) өтетін Дүниежүзілік ат ойындарында өз шеберліктерін көрсетті.

Біздің шабандоздар әлем кубогы кезеңдерінің жүлдегерлері болды, ал 1998 жылдан бері Әлем кубогының кезеңдері Қазақстанда үнемі өткізіліп тұрады. 1999 жылы Қазақстанның бастамасымен әлем кубогының Орта-Азиялық лигасы құрылды. Жыл сайын лиганың мықты салт аттылары Орталық Азия лигасында өтетін Әлем кубогының кезеңдерінде кездеседі. Нәтижелері бойынша әлем чемпионатының финалына қатысатын жеңімпаз анықталады. 2011 жылы алғаш рет ат спорты Қазақстанның III Спартакиадасының бағдарламасына енгізілді.

Ат спорты тарихындағы осынау жетістіктердің барлығы жылқының қазақтың «жаны» екендігін айғақтап тұрғандай. Ат спортын дамытуды қолға алу арқылы біз жаңғырудың жаңа сатысына көтерілетініміз анық.

Кенесары СЕЙДАЛИЕВ

■ JASTAR SAIASATY

Төтенше жағдайдың жариялануына байланысты Түркістан облыстық «Жастар ресурстық орталығы» көпшіліктің бас қосуымен өтетін іс-шараларды кейінге шегеріп, көрсетілетін қызметтерді қашықтан жүзеге асыруға көшірді. Яғни, қашықтан жұмыс істеу арқылы жастар саясатын жүйелі түрде жүзеге асыру жұмысы өз жалғасын таба бермек.

ТІЛ ҮЙРЕНУГЕ ТЕЖЕУ БОЛМАЙДЫ

Орталық жастардың бос уақытын тиімді пайдаланып, қашықтан оқыту мақсатында өздерінің жаңа жобаларын іске асыра бастады. Солардың бірі – әлеуметтік желіде онлайн жоспар

ӘЛЕУМЕТТІК ЖЕЛІ АЛЫСТЫ ЖАҚЫНДАТТЫ

Ұшқыр ақпараттың қанатында жүретін журналистерге де коронавирус пандемиясынан елде енгізілген карантин жағдайы жеңіл тиген жоқ. Тұйықтан шығар жолды олар әлеуметтік желіден тауып өз білімдерімен бөлісе алды. Бұл өз кезегінде әлеуметтік желінің БАҚ-тың дамуына белгілі бір деңгейде үлес қосып отырғандығын айғақтаса керек.

Журналистердің білімін онлайн лекторияларға біріктіріп, өзара пікір бөлісуге мүмкіндік

жасаған «Медиа дамыту қоры» корпоративтік қорының қызметін ерекше атауға болады. Осындай жауапкершілікті өз мойнына алған аталмыш қор «Біз біргеміз» атты ауқымды акциясының аясында еліміздегі белгілі медиа сарапшылардың, көпшілікке жақсы танымал тележүргізушілердің және мерзімді басылымдар журналистердің қатысуымен @media_foundation әлеуметтік аккаунтында онлайн-кездесулер топтамасын ұйымдастыра бастады.

Торғын МАҚСАТҚЫЗЫ

«АМАНАТ» БАЙҚАУЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗІЛДІ



Сенаттың журналистерге арналған «Аманат» байқауының ережесіне өзгерістер енгізілді. Сондай-ақ, журналистер арасындағы әрбір байқау олардың шеберлігін шыңдап, ынталандырып қана қоймай, БАҚ саласының қарқынды дамуына серпін беретіндігін атап өткеніміз жөн.

«Байқауды өткізу тәртібіне маңызына байланысты тағы бір бағыт қосылды – бұқаралық ақпарат құралдары өкілдері коронавирус індетімен күресіп жатқан және оның залалдарын жоюға белсенді қатысатын мамандардың қызметін жария ететін болады. Төтенше жағдай кезіндегі еліміздегі ауқымды шараларға белсене атсалысып жатқан медицина, ішкі істер орган-

дары, арнаулы мемлекеттік органдар, әскерилер, еріктілер, азаматтар мен басқа да ұйым мамандарының біліктілігі, батылдығы мен батырлығы дәріптелген материалдар ерекше бағаланады», – делінген. Айта кетейік, ҚР Сенаты бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері және блогерлер арасында Сенат материалдары бойынша үздік зерттеуге арналған «Аманат» және экологиялық журналистикаға арналған «Туған ел» байқауын жариялаған болатын. «Аманат» байқауы Сенат қызметі туралы Қазақстан жұртшылығының хабардар болуын арттыруға арналған. Байқауға түсетін жұмыстарда Сенат депутаттарының заңдарға енгізген түзетулерінің маңызы мен

ерекшелігіне және олардың проблемаларды шешуге, сондай-ақ депутаттардың аймақтар мәселелерін қарастыруға қатысты өзекті материалдар ескеріледі. «Туған ел» байқауының қатысушылары өз материалдарында қоршаған ортаны қорғау мәселелеріне қалың жұртшылықтың назарын аударуы, азаматтардың экологиялық қолайлы және қауіпсіз ортада тұру құқығын қорғауға, сондай-ақ экологиялық проблемаларды жария етуге, тірі табиғаттың био алуан түрлілігін сақтауға журналистерді тартуы тиіс. Байқауға журналистер, республикалық және аймақтық телеарналар мен газеттердің, интернет басылымдар мен радиолардың қызметкерлері, блогерлер қатыса алады. Байқауға 1 қыркүйек пен 5 мамыр аралығында бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланған авторлық ұжымдардың, жеке авторлардың материалдары қатысатын болады. Байқау өткен жылдың 1 қарашасынан басталды. Материалдар биылдың 12 мамырына дейін қабылданады, 20 маусымда қорытындылау жоспарланып отыр. Байқау жеңімпаздары бағалы сыйлықтарға ие болады. Байқауға қатысты толық ақпаратты Парламент Сенатының сайтынан, сонымен қатар әлеуметтік желілердегі ресми аккаунттардан білуге болады.

Құдайдың өзі жаратқан он сегіз мың ғаламның бірі – Жер бетін мекен еткен адамзат алдына тағы бір сын сағат тап болды. Әлемдегі елдерді аралап кеткен коронавирус індеті барша мемлекетке, ондағы барлық ұлттар мен ұлыстарға қауіп төндірді. Соңғы деректерге қарағанда 177 мемлекетте 800 мыңнан аса адам осы дертке шалдығып, 40 мыңға жуық адам өмірмен қоштасқан. Біздің елде бұл індеттен шет қалған жоқ. Жаратқан иеміздің мейірімі жауды ма, біздің елдегі жағдай көптеген мемлекеттерге қарағанда анағұрлым жақсы. «Сақтансаң сақтайды» демекші, елімізде сақтық шаралары шұғыл енгізіліп, коронавирусқа қарсы күрес басталып кетті. Қалалар мен елді мекендер карантинге жабылып, кәсіпорындар мен ойын-суық, сауда орындарының жұмысы тоқтатылды. Мемлекет тәртібін берілетін көмектен басқа қатардағы қоғам мүшелері тұрмысы төмен тұрғындарға қамқорлық көрсетіп жатыр. Қалталы кәсіпкерлер бұл шараға миллиондап қаржы бөліп, тіпті қалтасы жұқа азаматтар да қолдан келгенше мұқтаж жандарға көмек беруде. Осыған қарап қайырымдылық атты қасиетті ұғым ұмытылмайтынын, қандай да болса қиындықты жеңетінін байқаймыз. Биылғы жыл «волонтерлер жылы» болып жарияланғаны белгілі, әсіресе еріктілердің қимылы ерекше. Оны біздің редакция поштасына келіп түскен хаттар мен БАҚ-та жарияланған ақпараттардан көруге болады. Енді солардың бір қатарына назар аударып көрейік.

дәрігерлерді табиғи TURAN суымен қамтамасыз етуде.

Компания өткен аптада өз өнімін Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларының ауруханаларына тегін жеткізіп берді. Сонымен бірге Ақмола облысы мен Көкшетау қаласындағы көпбейінді ауруханада карантинде жатқан науқастар мен дәрігерлерге 1250 литр су жөнелтті. «Көкшетау минералды сулары» АҚ директоры Станислав Максимецтің сөзінше, зауыт осы уақытқа дейін 7 мың тоннадан астам су жөнелткен. «Бүгінгі күні дәрігерлер біздің денсаулығымыз үшін экстремалды жағдайда жұмыс істеуде. Оларға қиын істе көмектескіміз келеді. Табиғи TURAN суының жаһандық пандемиямен күрсеуге үлесі тиеді деп үміттенеміз», – деп атап өтті Станислав Максимец. Табиғи судың құрамында адам үшін



ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ КЕЗ КЕЛГЕН ҚИЫНДЫҚТЫ ЖЕҢЕДІ

ИГІ БАСТАМА ҚОЛДАУ ТАПТЫ

Алматы облысының Іле ауданында 3 мың отбасыға азық-түлік таратқан бетон, плитка, пластмасса бұйымдарын өндіретін «Арқаз Инвест» жауапкерлігі шектеулі серіктестігі «Біз біргеміз!» республикалық акциясына қолдау білдірді. Игі бастама барысында 3000 қорап азық-түлікті аудан орталығы – Энергетик округінен бастап Байсерке, Жетіген, Қараой, Ащыбұлақ, Междуреченск, КазЦИК, Чапай, Күрті, Боралдай округтеріндегі көмекке мұқтаж әрбір отбасыға таратылды. Алдағы уақытта ауданның өзге де қалған ауылдары қамтылады. Азық-түлікті халықтың әлеуметтік әлсіз тобына тарату жұмыстарына аудандық жастар ресурстық орталығы мен тоғыз округтің еріктілері атсалысуда. Акция аясында аудандық мәдениет қызметкерлерінің бастауымен көп рет қолдануға болатын 500 дана бетперде тігіліп, азық-түлікпен бірге

әлеуметтік көмек алушылардың бірі, Ащыбұлақ ауылдық округінің тұрғыны Гүлмира Жақыпова.

ІНДЕТПЕН БҮКІЛ ҚОҒАМ КҮРЕСУІ КЕРЕК

Коронавирусқа қарсы күресті күшейту мен көмекке мұқтаж жандарды қолдау мақсатында белгілі кәсіпкер, Түркістан облыстық мәслихат депутаты, «Бөрте милька» ЖШС директоры Нұралы Әбіш арнайы қорға 5 миллион теңге аударды. Сонымен бірге, Нұралы Әбіш өзі басқаратын серіктестік атынан 100 отбасыға сүттен жасалған өнімдермен демеушілік көрсетті. Бұған дейін де игі істерімен танылып жүрген белгілі кәсіпкер жұртшылықты қауіпті індетпен бірігіп күресеуге шақырды. «Біз үкімет тарапынан қолға алынып отырған шектеулер мен сақтану шараларына барынша қолдау білдіріп, түсіністік танытып, барлық талаптарды орындауға тиіспіз. Сондай-

қажетті минералдар мен пайдалы тірі бактериялар бар. Оның сапасы мен құрамын көптеген елдердің ғалымдары зерттеп оң баға берген. «Көкшетау минералды сулары» АҚ 25 жылда сусын шығаруда индустрия көшбасындағы, әлеуметтік-жауапкершілік бағытындағы ірі кәсіпорындардың бірі саналады. Кәсіпорын жылына 52,6 миллион шөлмек немесе 35,3 миллион литр сусын шығарады.

КӘСІПКЕРДІҢ ҚОМАҚТЫ ҮЛЕСІ

Ел басына бүгінгідей қиын жағдай туғанда тұрғындарымыздың денсаулығын ойлаған белсенді азаматтар алдымен іске кірісті. Батысқазақстандық кәсіпкер, облыстық мәслихат депутаты Нұрғазы Сәтбаев «Біз біргеміз!» акциясына қолдау білдіріп, арнайы қорға 10 млн. теңге аударды. Нұрғазы Сәтбаев – Батыс қазақстан өңіріне өзінің ізгі істерімен танымал кәсіпкер, «Uniserv» ЖШС бас директоры. Облыстық мәслихаттың «Nur Otan» партиясы депутаттық фракциясының мүшесі, өңірдің қоғамдық-саяси өміріне, қайырымдылық шараларына белсене араласатын халық қалаулыларының бірі. Депутат бұған дейін де әлеуметтік жағынан аз қамтылған бірнеше отбасына қолұшын созып, үй салып берген болатын.

ЗЕЙНЕТКЕРЛЕР ЗӘРУЛІК КӨРМЕЙДІ

Атыраулық еріктілер жалғызбасты 82 зейнеткердің әрқайсысына 18 мың теңгенің азық-түлігін үйлеріне апарып беріп қариялардың ақ батасын алды. Акция ұйымдастырушысы Жанар Ғылымованың айтуынша, басты мақсат – жалғызбасты зейнеткерлерге көмек көрсету, мынандай қиын кезеңде қарияларды шет қалдырмау, мүмкіндігінше тұрақты қамқорлыққа алу. Олардың тізімі облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан алынған екен. Жергілікті тұрғындардан ерікті түрде жиналған 1,5 миллион теңгеге 3 тоннадан астам тауар сатып алып, сол қаржыға бір тиынның да шет шығармай жалғызбасты зейнеткерлерге азық-түлік себетін дайындаған. Себетке сүт, жұмыртқа, күнбағыс майы, ұн, макарон, қант, консервіленген ет, түрлі жемістер секілді әлеуметтік маңызы бар азық-түліктер салынды. Бұған қоса, дәрі-дәрмектер мен еріктілер тіккен, бірнеше рет қолдануға болатын медициналық бетперделер жалғыз өзі тұратын 82 зейнеткердің үйіне жеткізілді. Әр азық-түлік себетінің бағасы 18 мың теңге тұрады. Акция кезінде еріктілер сақтық шараларына баса мән берді. Олар әр екі сағат сайын медициналық бетперде мен арнайы қолғапты ау-

ыстырып тұрады. «Әр зейнеткерге азық-түлік жиынтығына қоса, коронавирустан сақтану үшін екі тілде жазылған жадыманы ұсынуды жөн көрдік. Өйткені, елде жастағы адамдар да сақтық шараларынан хабардар болғаны жөн. Біз олардың үйіне әлеуметтік қызметкерлермен бірге бардық», – дейді акцияға қатысқан еріктінің бірі Динара Ергалиева.

КӘСІПКЕР ЖҰМЫСШЫЛАРЫН АҚЫЛЫ ДЕМАЛЫСҚА ШЫҒАРДЫ

Шығыс Қазақстан облысы Бородулиха ауданы Дмитриевка ауылындағы «Шығыс» шаруа қожалығының басшысы өз жұмысшыларына айтарлықтай жеңілдік жасап, көмек көрсетті. Елімізде коронавирустың таралуына тосқауыл қою мақсатында төтенше жағдай енгізілді. Мамандар халыққа үйде отыр деп кеңес беруде. Осы ретте «Шығыс» шаруа қожалығының басшысы Людмила Ступак өз жұмысшыларының әрқайсысын 100 келі ұн, 10 келі қант, 10 литр күнбағыс майымен қамтамасыз етті. Барлығын елдегі төтенше жағдай аяқталғанға дейін ақылы еңбек демалысына жіберіп, оларға жеке гигиена заттары мен дезинфекциялау құралдарын алуға 30 000 мың теңгеден берді. Оған қоса кәсіпкер әкімдікпен бірлесіп бірнеше мәрте пайдалануға болатын 1000 дана медициналық маска тігіп, ауыл тұрғындарына таратып берген.

ӘЛЕУМЕТТІК КӨМЕКТІҢ ДЕ ҚАЙТАРЫМЫ БАР

Атырау облысында «Birgemiz» жобасы аясында азық-түлік себетін алған Гүлзада Мұқасалиева медициналық маска тігіп, қоғамдық іске өз үлесін қосып отыр. «Бұл – біз үшін үлкен көмек. Өйткені, мен мүмкіндігі шектеулі үш баланы тәрбиелеп отырмын. Ал, жұбайым денсаулығына байланысты ұдайы дәрі-дәрмек қабылдайды. Тұрақты жұмысы жоқ. Мемлекет тарапынан бұған дейін де әлеуметтік жағдайымыздың төмендігіне байланысты әлеуметтік қолдау жасалып келді. Әсіресе, «Nur Otan» партиясының Атырау облыстық филиалы үнемі жәрдемдесіп тұрады», – дейді Атырау қаласының тұрғыны Гүлзада Мұқасалиева төтенше жағдай кезінде көрсетіліп жатқан қолдауға



отбасыларға таратылды. Сонымен қатар, коронавирустан қорғану жолдары тұрғындарға түсіндірілген. «Менің отбасымда жолдасыммен бірге үш балам және қайын атам, бауырларым тұрады. Бір шаңырақта жеті адамбыз. Мына қысылтаян уақытта қайырымды жандар тарапынан берілген азық-түлік жанұяма үлкен көмек. Қаржы тапшылығынан уақытында ұн-майымызды ала алмай, абдырап қалып едік. Енді міне, осы азықпен бала-шағам кем дегенде бір апта ыстық тамақ әзірлейтінім анық. Осындай күн туған сәтте көңіл бөліп, қалымызды сұрап, ескеріп жатқан аудан басшыларына шыннай алғысымды айтамын», – деді

ақ, жалған ақпараттарға сенбей, ел ішінде үрей туғызбауға, жұртты сабырға шақырып, ынтымақ, бірлікке ұйыстыра білуіміз керек. Әлемге қауіп төндіріп тұрған індетпен күрес жүргізу – тек медицина қызметкерлері мен құқық қорғау мамандарының ғана емес, бүкіл қазақ қоғамының міндеті», – дейді кәсіпкер.

«TURAN» СУЫ ДЕРТКЕ ШИПА

«Asia Waters» акционерлік қоғамына қарасты Ақмола облысындағы «Көкшетау минералды сулары» кәсіпорыны пандемиямен күресіп жатқан Қазақстандағы медициналық мекемелер мен



ризашылығын білдіріп.

«Мемлекет басшысы жұқпалы індет тараған сәттен бастап халыққа әлеуметтік қолдау көрсету шараларын қолға алды. Қазір несиені төлеуді үш айға шегерді. Қашықтан жұмыс істеу режиміне көшкендерге жалақысы толық төленетін болды. Коронавируспен күресіп жатқан дәрігерлерді қаржылай қолдаудың жаңа пакеті енгізілді. Осындай қолдау жасалып жатқан кезде мен де бос отырмай, медициналық маска тігуді бастадым», – дейді ол.

Бұған дейін тапсырыс алып, түрлі тағам пісірген екен. Төтенше жағдай енгізілгеннен бері медициналық маска тігіп, 100 данасын әлеуметтік тұрғыдан аз қамтылған отбасыларға тегін таратып келген. Қазір маскарды қолжетімді бағамен сатуға. Оған тұрғындардан да, жергілікті әкімшіліктен де сұраныс бар. Қайырымдылықты өзгелерден көріп қана қоймай, басқа да мұқтаж жандарға мүмкіндігінше қол ұшын берудің бір үлгісі осы шығар.

АКТРИСА АКЦИЯҒА ҚАТЫСТЫ

Солтүстік Қазақстан облысында Канн кинофестивалінің жеңімпазы Самал Есләмова «Biz Birgemiz» республикалық акциясын қолдап, мүгедек әйелге көмек көрсетті.

Мұқтаж жандарға көмекке бағытталған «Biz Birgemiz» республикалық акциясына танымал киноактриса да қатысып, ҚР еңбек сіңірген мәдениет қайраткері Қызылжарда тұратын 3-ші топтағы мүгедек Роза Имақованың пәтеріне барды. «Қазір дәріханаларда маскарлар мен антисептиктер тапшы, бүгін маған бұл заттарды ұзаққа жететіндей етіп әкелді. Денсаулығымға байланысты дүкенге шығу қиын, әрі инфекция жүріп жатқанда тек аса қажет болған жағдайда ғана далаға шыққан жөн. Қыз-жігіттер азық-түлік те әкеліп берді. Сол үшін ұйымдастырушыларға алғысым шексіз. Әрі Самал Есләмовамен кездесіп, сөйлесіп, көңілім бір көтеріліп қалды», – дейді Роза Имақова.

Акцияға қолдау білдірген Самал Есләмова қазіргідей қиын жағдайда мүмкіндігі шектеулі адамдарға, көп балалы отбасыларға және жалғыздікті зейнеткерлерге мұндай көмек бірінші кезекте қажет екендігін айтады.

«Қазір көптеген адамдар пандемияға байланысты жағдайға тәуелді болды. Бізде көп балалы отбасылар, мүгедектер бар, оларға көмек қажет. Мен осындай акцияға алғаш рет қатысудамын. Мұндай қиын сәтте адамдарға көмектесу өте маңызды. Мен де өз үлесімді қосып, осындай акцияларға тағы да қатысуға дайынмын», – деді актриса.

ҚОҒАМ КОРОНАВИРУСҚА ҚАРСЫ ҚИМЫЛ КӨРСЕТІП ЖАТЫР

Еліміздегі 150-ден астам ұйымды біріктіретін волонтерлердің республикалық фронт-офисі 500 мың медициналық бетпердені тегін таратты.

Айта кетуіміз керек, фронт-офис BIRGEMIZ ұраны аясында 150-ден астам ұйымды біріктіреді. «Ұлттық волонтерлік желінің», «Мейірімділер клубының» және «Астана жастарының» волонтерлері «Нұрлы жүрек», «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарында және елордалық Балалар үйінде болды. Қазірдің өзінде 14,5 мың маска таратылған. Қалған маскарлар Нұр-Сұлтан және Алматы қалаларындағы мұқтаж азаматтарға жақында таратылады. Ұлт денсаулығы үшін бұрын-соңды болмаған бүгінгідей ауқымды жұмыстар жасалып жатқан тұста ортақ іске әр адам өз үлесін қоса алады. Тіпті, қарапайым санитарлық ережелерді сақтау, өзін-өзі оқшаулау және маска кию осы індетке қарсы күресте аса маңызды рөл атқарады», – дейді республикалық фронт-офис өкілдері. Түркістан облысындағы Кентау қаласында еріктілер ұйымының мүшелері көшелерді аралап, тұрғындарға 20 мыңнан аса медициналық бетперде мен арнайы қорғаныш қолғаптарын таратты.

Сонымен қатар волонтерлер қаланың жергілікті тұрғындарына коронавирустан қорғану жолдарын түсіндіріп, көшеге көп шықпауға шақырды. Әсіресе адамдар көп жиналатын жерлерге бармау қажеттігін ескертіп, сақтық шараларын үнемі сақтау жөніндегі түрлі кеңестермен бөлісті.

«Еріктілер бетперделерді өздері қолдан тікті. Қазір қала көшелерінде біршамасын таратты. Сондай-ақ, қалаға кіре-беріс қақпада орналасқан блок-посттағы келушілерге берді. Енді, әлеуметтік жағдайы төмен отбасыларға, ардагерлерге және мүмкіндігі шектеулі азаматтардың үйлеріне алып барып береміз. Бұл игі істі алдағы уақытта да жалғастыратын боламыз», – дейді қалалық Жастар ресурстық орталығының басшысы Қанат Бекметов. Сол сияқты Жамбыл облысының волонтерлері COVID-19 пандемиясына байланысты елімізде төтенше жағдай режимі жарияланғаннан бастап, күн сайын барлық қала мен аудан тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Облыс әкімдігінің жастар саясаты мәселелері басқармасының басшысы Серікбол Берікқожаның айтуын-



ша, өңір волонтерлері өз қолымен тіккен 10 мың дана медициналық бетпердені қала тазалығына жауапты жұмысшылар мен тұрғындарға таратқан. «Жамбылдық еріктілер осы уақытқа дейін 30 мың ұнқағаз, бүктемелер мен медициналық маскарлар таратып, 15 рейд ұйымдастырды. Сонымен қатар, әлеуметтік аз қамтылған, көпбалалы және жалғыз ілікті қарияларға «Біз біргеміз» ұранымен бірінші кезектегі қажетті 700 дана азық-түліктер мен гигиеналық заттар салынған қораптар үлестірді», – деді басқарма басшысы. Мұндай игі істен жезқазғандықтар да тыс қалған жоқ. Жезқазған қаласының орталық көшелері мен автовокзалында еріктілер тегін бетперде тарату акциясын ұйымдастырды. Қала тұрғындарына таратылған бетперделерді еріктілер мен жергілікті кәсіпкерлер қолдан тіккен.

Жезқазған қаласының Жастар ресурстық орталығына қарасты «Жылы жүрек» еріктілер ұйымы

басшылық етіп отырған «Тұран» мейрамханасының қызметкерлері бірнеше күннен бері маска тігумен айналысуда.

ҮЛКЕН ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ

Талдықорғанда жеті балалы Оксана Сарыноваға жергілікті кәсіпкер Қайрат Майликов баспана сатып алып берді. Бүгінгі күні еліміз бойынша баспана мәселесі толық шешіліп болмағаны белгілі. Пәтер жалдап тұрып жатқан отбасылар жиі кездеседі. Солардың бірі – көпбалалы ана Оксана Сарынова Талдықорған қаласына қарасты «Мерекелік» саяжайында тұрған болатын. Сайжай «Мерекелік» деп аталғанмен жеті балалы отбасы бұл жерден мереке де береке көрген жоқ. Қабырғасы көгеріп, қопарылып түсіп құлаудың сәл алдында тұрған бір бөлмелі үйді олар жылдар бойы паналап келген-ді. Басқа амалы болмаған Оксананың айтуынша, олардың тамақтанатын да, жататын да жері сол бір бөлме,

жергілікті тұрғындарға түрлі қызмет көрсетумен қатар бетперде тігіп, тұрғындарға тегін таратып жатыр. Ол үшін белсенді жастар өз қаражатына материал алып, орталыққа үйлерінен тігін машинасын әкелген. Игі іске Қарақия мен Бейнеу аудандарының белсенділері де белсене кірісті. Олар бір күнде 2 мыңнан астам бетперде дайындайды.

Ал, ақтаулық еріктілер 200-ден астам өнім шығарып, аялдамалардағы тұрғындарға үлестірген, бұл істі одан әрі жалғастырмақшы. Олар әлі де 300-ге жуық бетперде тігуді жоспарлап отыр. «Дәріханаларда медициналық бетперденің шетіспеуіне байланысты, осы шараны қолға алған едік. Бұл бүгінгі күні аса қажет бетперделер 8 қабаттан тұрады, сондықтан вирусты өткізбейді деп ойлаймыз. Дей тұрғанымен, тұрғындарға айтарымыз, бұл маскарларды үш сағаттан артық қолданбауларыңыз керек», – дейді Ақтау қаласы әкімдігі Қоғамдық



коронавирустың алдын алу мақсатында шаһардың орталық көшесінде екі күн қатарынан халыққа тегін бетперде үлестірді. Қорғаныш бетпердені волонтерлер қажетті материалды сатып алып, өз қолдарымен үй жағдайында тікті. Екі күнде көшедегі халыққа, сондай-ақ аз қамтылған, көпбалалы отбасыларға, мұқтаж жандарға 600 бетперде тегін таратылды. Волонтерлер күніне 300 маскардан тігіп, тарату үстінде.

Бұл акция күн сайын жалғасуда. Демалыс күндері еріктілер автовокзал маңайында жолаушыларға, тұрғындарға 150 маска таратқан. Үш күн аралығында қолдан 1 мың маска тігілген.

Сондай-ақ, жезқазғандық кәсіпкер Ернар Ахметов

соның өзін жалдап тұрған.

Қиналған отбасын бұл қиындықтан қайырымдылық құтқарды. Талдықорған қаласының әкімі Ғалымжан Әбдірайымовтың қабылдауында болып, мүшкіл халін айтқан Оксана арман еткен баспанасына қол жеткізді. Шаһар басшысы көпбалалы анаға көмек қолын созу үшін талдықорғандық кәсіпкер Қайрат Майликовке демеушілік қолдау көрсетуін сұраған. Осылайша, көпбалалы отбасының жағдайын естіген кәсіпкер ойланбастан оларға баспана сыйлады. Жекеменшік баспанаға ие болған жеті баланың қуанышында шек жоқ.

ІСМЕР ВОЛОНТЕРЛЕР
Маңғыстаулық еріктілер

даму орталығының маманы Нұрбек Шүкірбаев.

Байқап отырғандарыңыздай, еліміздің барлық аймақтарында қайырымдылық шаралары тоқтаусыз жүріп жатыр. «Таршылықты көрмесен, кемшілікті білмесен» – деп ата-бабаларымыз босқа айтпаған. Мейірімділік жүректен ғана тарайды, адамдарымыздың бір-біріне деген қайырымдылығы осындай қиын-қыстау кезеңде анық көрінеді екен. Осы ауызбіршілігімізді жоғалтпай, бұл жолғы төңкеріс қатерден де абыроймен, аман-есен шығайық деп тілейік.

Бек МЫРЗАУЛЫ



На наших глазах происходят события, которые изменяют мир. Скорей всего, карантины во многих странах – это надолго, от 2 до 6 месяцев, а может и больше. Этого достаточно, чтобы изменить не только экономическую основу этих стран и всего мира. К сожалению, у нас мало компетентной аналитики будущей картины мира и нашей страны.



COVID-19: НА СЕЛЕ – МЯГКИЕ ФОРМЫ ЧП, А ШКОЛЫ – ОТКРЫТЬ

На селе ввести мягкие формы ЧП



Конечно, было бы отлично, если COVID-19 перестроит страну и освободит от всего наносного и ненужного, грязного и заразного, и коррумпированная система уйдет вместе с вирусом, ибо только она является источником воровства бюджетных средств, средств существования граждан и источником неэффективности и слабости государства.

Что показало введение ЧП? Экономика Казахстана не только сырьевая, но всецело зависит от поставок из-за рубежа, нет многих производств, т.е. экономика несамодостаточна, несамостоятельна, не может обеспечить страну самым необходимым – лекарствами, товарами первой необходимости, оборудованием и т.д., при этом растут цены на продукты.

По этой причине закрылись многие объекты среднего и малого бизнеса. Например, закрылись или закрываются ветеринарные аптеки в Алматы, потому что все поставки из России и Китая.

Правительство требует не увольнять своих работников – как не увольнять, если объекты закрываются?! Как представляет себе правительство этот процесс «не увольнять», когда полмиллиона жителей области не могут попасть в Алматы, где они работали – на рынках, в магазинах, ресторанах, СТО и т.д.

Чрезвычайное положение породило большую безработицу, нанесло удар по экономике, образованию, финансам, здоровью людей. Многие больные не могут попасть в Алматы и Нур-Султан, трудно съездить к больным, навещать родителей, провести по-человечески похороны и т.д.

Да и в регионах ситуация не лучше. Из-за стресса, безработицы, безденежья люди находятся в нервном состоянии, что негативно влияет на их здоровье. Правительство должно принять реальную программу по открытию и развитию производств по всей республике и уменьшить безработицу. Например, депутат Сената парламента РК Мурат Бактиярулы заявил: «К сожалению, данная эпидемия наносит урон не только здоровью граждан многих стран, но также оказывает отрицательное влияние на экономику. На сегодняшний день по моим личным расчетам в Казахстане около 1 млн людей остались без работы».

Дело дошло до того, что в Восточно-Казахстанской и других областях многие сельчане остались без домашнего скота – в свое время у них по хорошей цене бизнесмены скупили и вывезли на продажу в другие страны. Как теперь выживут сельчане без скота?!

В условиях закрытия границ на повестке дня должны стоять, в первую очередь, поддержка и развитие сельского хозяйства для обеспечения продовольственной без-

опасности республики.

Чрезвычайное положение на селе не должно действовать в виде карантина, а должно быть в мягкой форме, чтобы не сорвать посевную, кроме районов, где есть зараженные. Понятно, что во время карантина поле удаленно не вспашешь и корову не подоишь. На юге страны уже началась посевная, скоро скот будет пастись. К посевной готовятся и в других регионах.

В своем выступлении от 31 марта президент Касым-Жомарт Токаев указал, что нельзя допускать срыва посевных работ в связи с тем, что сельское хозяйство является одной из составляющих национальной безопасности (продовольственная безопасность): «Поэтому вопросы весенне-полевых работ должны быть на особом контроле у Правительства и акиматов. С точки зрения продовольственной безопасности сейчас критически важен каждый день. Крайне важно своевременно провести весенне-полевые работы».

Крестьяне по работе должны передвигаться не только внутри поселков, но и ездить по работе в районные и областные центры. Фермеры должны иметь возможность приезжать в города, в том числе и закрытые на карантин, чтобы купить, например, запчасти, удобрения, саженцы, семена, средства защиты растений и т.д. А в городах должны работать соответствующие магазины и предприятия.

Как быть, скажем, питомникам или производителям сельхозтехники? Их товары исключены из списка предметов первой необходимости.

Надо поднимать село не на словах, а на деле: всем сельчанам надо выплатить 42 500 тенге, а не только потерявшим работу. Выделять большие деньги в виде субсидии, беспроцентного кредита, финансовой и материальной помощи для посевной, для ведения личного подсобного хозяйства, крестьянских хозяйств, сельскохозяйственных кооперативов и т.д., для открытия перерабатывающих предприятий, объектов МСБ, опытных станций, учебных заведений и т.д.

Надо перестроить
экономику



Наконец-то власти РК очнулись – стали вводить адекватные меры. 10 млрд долларов выделяют на борьбу с кризисом, ежемесячные выплаты лицам, лишившимся доходов в связи с введением ЧП, в размере одного МЗП (42 500 тенге). Радует своевременное увеличение заработной платы медицинским работникам.

У нас дело дошло до того, что закрывают на карантин целые жилые комплексы из-за одного зараженного. Даже закрывают подъезды домов на замок!

Необходимо существенно поддержать

малый и средний бизнес, потому что без него миллионы людей останутся без средств к существованию. Необходима госпрограмма спасения экономики и социальной сферы. Чтобы не допустить недовольства, волнений среди населения, государство должно пересмотреть всю бюджетную политику с полным сокращением многих программ и проектов, всех ненужных квазигосударственных компаний и организаций, а также количества чиновников.

Сейчас у нас «осадное, полувоенное» чрезвычайное положение, которое требует соответствующего отношения к экономике. Например, в самом начале Великой Отечественной войны СССР смог быстро поставить свою экономику на военные рельсы. Или в Китае в наше время быстро перестроили экономику и начали массовое производство средств защиты и оборудования для их производства, поставляя свою продукцию во все страны мира. То есть они в кратчайшие сроки мобилизовали все силы для производства самых востребованных товаров.

В Казахстане из-за карантина наступил именно тот момент, когда надо быстро перестраивать экономику: вместо продажи сырья – открывать повсеместные производства разного направления.

В этот критический период для страны наши олигархи, крупные бизнесмены и землевладельцы, богатые корпорации и организации должны скинуться и профинансировать открытие производств, вложиться в развитие реального сектора экономики, сельского хозяйства, поделить землю с крестьянами, обеспечить пастбищами т.д.

На данное время на счету благотворительного фонда Казахстана собран 41 млн долларов – это слишком мало. Эта сумма должна быть в десятки, сотни раз больше – на кону жизнь не только людей, но и страны в целом.

Карантин обнажил многие недостатки национальной экономики, реальное положение многих сфер жизнедеятельности государства и его скрытый потенциал, способность народа к мобилизации и готовность властей функционировать в условиях форс-мажора. В таких форс-мажорных обстоятельствах есть один выход: оптимизация финансовых, материальных средств, полная перестройка экономической системы страны.

В таких условиях надо надеяться только на себя. Нельзя принимать во время карантина гуманитарную и медицинскую помощь, в том числе вакцину, препараты, маски и т.д. – там может быть брак, просрочка, не говоря о вирусах!

Например, Нидерланды отозвали около 600 тысяч китайских медицинских масок стандарта FFP2. Причина – испытания показали, что маски не защищают лицо или имеют неисправные фильтры. Испанские органы здравоохранения заявили, что они возвращают китайскому производителю большую партию быстрых тестов на диагностирование коронавируса, поскольку они оказались ненадежными. Эти партии были приобретены за деньги! Если за деньги такие маски, то что можно говорить о гуманитарной помощи?! Так что, бесплатно только сыр в мышеловке.

Онлайн-обучение «зависнет»
в интернете



Фото Informburo.kz

В связи с ЧП школьники и студенты перешли на дистанционное обучение. Для тех, у кого нет интернета, да и у кого он есть для школьников на телеканалах будет учебная программа. Ел Арна – обучение детей на русском языке. Балапан – на казахском языке.

Однако у многих школьников нет ноутбуков, планшетов, а в селах, да и в городах – перебои с интернетом! По разным причинам Kundelik работает нестабильно; «зависает» интернет. По этой причине отменили онлайн-обучение. Не у всех сельчан есть телевизоры, не везде можно посмотреть указанные каналы.

Поэтому желательно в сельской школе вести обучение в обычной форме, а в городах – после отмены карантина. В целом после карантина, 15 апреля, желательно открыть школы и вузы. В Японии, Швеции, Беларуси и других странах школы не закрыли на карантин – дети почти не заражаются коронавирусом при соблюдении известных мер.

В любом случае, дистанционное обучение не заменит традиционное школьное обучение, особенно в младших классах. Это будет лишь имитация обучения. Ведь в 1 классе учительнице надо стоять рядом и учить, как писать, подправлять. Kundelik показал, что у нас пока не дружат с интернетом, а также из-за перебоев эта программа не совершенна.

Уже учителя говорят: как я буду детей учить, как я пойму, что они понимают меня, как онлайн им объяснить элементарные правила, особенно детям 6-7 лет. Ведь они много чего учат с помощью записей на доске, тех же жестов, им же буквально на пальцах объясняют урок, не говоря о живой связи с аудиторией, спонтанных ответах, реакции школьников и т.д.

Речь о том, чтобы дистанционное обучение использовать как дополнительное, пока школы не откроют. Если продлят карантин, то занятия лучше перенести на июнь. Повсеместное школьное дистанционное обучение затруднительно из-за неготовности как учителей, так и школьников, не говоря о перебоях с интернетом, особенно в селах.

Введение карантина в нашей стране показало его эффективность в борьбе с коронавирусом, и после 15 апреля необходимо переходить на мягкую форму ЧП или даже отменить его для спасения национальной экономики при строгом соблюдении всех принятых мер безопасности и гигиены.

НАЙЗАҒАЙ МІНЕЗДІ, НАМЫСТЫ АЗАМАТ ЕДІ

Ай, зырылдаған заман-ай! Аманхан да өтті-ау дүниеден. Бұл Аманхан марқұмның алды-артындағы ағайын-туыс, жора-жолдастарына соққан Құдайдың құпия қоңырауы шығар, бәлкім. Баяғы замандағы бабаларымыз қандай еді? Аманхан да найзағай мінезді, намысты азамат болатын.

Арқадан қашқан қоянды
Арғымақ қуып жетпесе,
Ақберенімді оқтаман.
Басымды менің қорласа,
Бір туғанымды жоқтаман.
Жақсылардан кем көрсе,
Жамандармен тең көрсе,

Кеңірдегімен келгенше

Алтынға малсын-тоқтаман!

Аузы дуалы ата-бабамыздың осы жырын оқығанда көз алдыма Аманхан елестейтін. Дүбірге қосылып дүниеге қызыққан жоқ. Ұлымның жыртығын жамаймын деумен-ақ жарық дүниеден аққан жұлдыздай ғайып болды-ау азамат. Сыпайылығы, сырбаздығы өзіне жарасатын. Бір-екі жас кішілігін сақтап мені көзі жұмылғанша «Көке!» деуден жаңылмады. Түн жарымда маған арнап ең соңғы құттықтау хатын жазыпты. Ең соңғы! Фейсбук парақшасына жариялап, сақтап кетіпті... Соны естігенде есімнен танып қала

жаздадым.

Отбасы мен Отанына құлай берілген азаматтар Аманхандай-ақ болар... Жастай қосылған жан жары Күләйды алақанына салып аялайтын, еркелететін. «Әуелі Құдай, сосын Күләй!» дейтін. Бұл оның тереңдігі, ерендігі. Өмір осы. Енді міне, Күләйдің құзырынан Құдайдың құзырына өтті. Мәңгілік ештеңе жоқ. Артында не қалды? Бала-шағасы, немере мен жары қалды. Ең бастысы-Азаматтық ары қалды. Жыры қалды!

Жаны жәннатта болсын!

Көпен ӘМІРБЕК



АМАНХАНМЕН ТАҒДЫРЫМЫЗ ҰҚСАС ЕДІ

Ақын Аманхан Әлімұлы жалғанды таптап кетіпті. Әлеуметтік желі күніреніп жатыр. Дәл қазіргі қысыл-таян кез аяғымызды тұсап тұр. Біраз дос-жаран... Серік Байхонов, Көлбай Адырбекұлы, Темірхан Момбекұлы-Түркістан, Мылтықбай Ерімбетов, Ахмет Әмірзақ... т.б. телефон соғып, бір-бірімізге көңіл айтып отырмыз... Өткен күндер еске түседі...

Ақын боламыз, жазушы боламыз деп Алматыда қалған әдебиеттегі біздің буын өкілдері жетпісінен жылдардың екінші жартысында түгелге жуық шаңырақ көтеріп, бір-бір отау болғанбыз. Бірақ бәріміздің дерлік басымызда баспана жоқ. Пәтер жалдап тұрамыз.

Біздің бәріміз де сексенінші жылдардың басында перзентті болып үлгердік. Алдымыздың төрт-бес, соңымыздың бір-екіден баламыз бар. Қызметке орналасып, Қазақстан Жазушылар одағына мүше бола бастадық. Ертеңгі күннен үміттенеміз. Не қызмет орнымыздан, не Қазақстан Жазушылар одағынан үй алып қалармыз деген дөмемен жүрдік. Осындай қиын күндерде Аманхан мен Күләйдің тұңғышы, біздің төртінші қызымыз шетінеді. Тағдырымыз ұқсас.

“Жалын” баспасының поэзия редакциясында қызмет істейтінмін. Редакцияға

Есенғали Раушанов кіріп келді.

– Естідің бе?– деді ол әй-шай жоқ.

– Нені?

– Аманхан қайтыс болыпты ғой...

Бет-әлпетінде қайғы-мұңның ізі де жоқ. Салмақты. Абыржыған күйін де сездірмейді.

Мен отырған орындығыма жабысып қалғандай не істерімді білмей дал болдым. Есенғали айтқан “жайсыз хабарды” бөлім меңгерушісі Серікбай Оспанов пен редакцияның кіші редакторы Тұрар Абдрахманова да естіп отыр. Олар да жайбарақат отырған сияктанды маған. Бір уақытта барып:

– Қашан? Не болыпты оған?– деп сұрадым алдымда әлі тұрған Есенғалидан. Ол “білмеймін” деген сөзді ишарамен аңғартып, астыңғы ернін соза түсті де, екі қолын екі жағына жайып, нығын қиқаң еткізді. Көп аялдаған да жоқ. Есіктен жайбарақат шығып кетті.

Мен Аманханның жайын, оның отбасы туралы ойлап кетіпін. Мас болып, бір бәлеге ұрынып қалған шығар деп те қайғырдым. “Экран” кинотеатрынан төменіректе тұратын пәтеріне баратын жол өте қолайсыз болатын. Ешқандай баспалдақсыз өрден төмен қарай құлдайсың. Мас түгіл сау адамның өзі оңат болса да сенуге болады. Бір сәт біздің бәріміз осылай үйсіз-күйсіз қаңғып жүріп, өзгенің

босағасында өмірден өтетін шығармыз деп түңілдім. Сәлден соң есімді жиып алып, Есенғалимен сөйлескелі дәлізге шықтым. Алдымнан Мылтықбай Ерімбетов жолыға кетті.

– Аманхан қайтыс болыпты. Естідің бе?– деді ол да жайбарақат өтіп бара жатып.

“Мыналарға не болған?” деп іштей қамықтым. Бейне бір “Аманханның кітабы шығыпты. Көрдің бе?” деген секілді селт етпейді. Қолым пиджағымның оң қалтасына сүңгіп кетіпті. Темекі алып тұтаттым да, баспалдақтың қасындағы қоқыс салатын шелекке қарай аяндадым. Темекімді бұрқыратып тұрғанымда әлдебір есікке кіріп-шыққан Мылтықбай тағы жолықты.

– Не болыпты оған?– дедім оны жеңінен тартып тоқтатып.

– Кімге?– дейді ол бетіме таң қала қараған күйі.

– Аманханға...

– А, сен естімеп пе едің?

– Естідім... әлгінде Есенғалидан естідім...– деймін мен өзіме өзім келе алмай.

– А, онда солай болған шығар,– деді де Мылтықбай ыржандаған қалпы баспалдақпен төменгі қабатқа қарай түсіп бара жатты.

Мен қолымдағы темекінің тұқылын қоқыс салатын ыдысқа тастадым да,

Есенғали отыратын бөлменің есігін аштым.

– Аманханның қайтыс болғанын айтып Мылтықбай ыржалаң қағады,– дедім оған.

– Қалжыңдаған да,– дейді ол өзінің “қалжыңдағанын” ұмытып кетіп.

Қатты алданғанымды сезіп, кеудеме бір өксік келіп тығылды. Орныма барып отыра беріп, менен көзін алмай тұрған Тұрарға қарап:

– Қалжыңдапты,– дедім де, жылап жібердім. Көзімнің жасын әрең дегенде тыйдым. Кісі өлімі өз ажалыңнан да хабар беретінін ұғандым мен.

Кейінірек Аманханға жолығып қалып, Есенғали мен Мылтықбайдың бірінің аузына бірі түкіріп қойғандай әлгі сөзді қайталап мені жылатқаны жайында айтып бердім.

– Олар сөйтіп ойнайды,– деп Аманхан да ыржалаң қағады.

– Мен сенің өліміңе жақсылап жылап алдым, енді өлгеніңде жыламаймын. Қарыздар емеспін,– дедім мен оған.

Жыламаймын дегенім бос сөз екен. Тағы да көз жасымды сығып алдым...

Иманы саламат болсын! Отбасына – жары Күләйға, балалары Әселге, Аяңға, туған-туысқандарына, бар қазаққа көңіл айтамыз. Бір өлеңінде ол өзі қоңыр күзде алыс сапарға аттанатынын болжап отыратын еді. Алдап кетті! Адамның айтқаны бола бермейді ғой...

Байбота ҚОШЫМ-НОҒАЙ

БӘРІН ЖҮРЕКПЕН ҚАБЫЛДАЙТЫН ЖҮЙРІК АҚЫН ЕДІ

Суық хабар! Қазақтың көрнекті ақыны Аманхан Әлімұлы ағамыз өмірден өтіпті... Иә, бәрін жүрегімен қабылдайтын жүйрік ақын еді, жүрегіне жүк түсті ме екен ағамыздың?! Аңқылдаған ақкөңіл еді... Терең білімді еді... Ұлттық мүддемізді қорғауда қайсарлығы мен қайратын қаламымен көрсетіп жүретін еді... Ондай мақалалары біздің «Қазақ үні» газетінде жиі жарияланып тұрды. Соңғы жылдары Ақиқатшыл қаламгердің «Ақиқат»

журналын басқаруы да уақыт талабы еді...

Алматыға арман қуып келгенде алғаш алдын көрген, ақыл-көнесін тыңдаған арқалы ақын, ардақты ағаларымыздың бірі еді...

Кеше тун ауа фейсбук парақшасында Көпен Әмірбек ағасын жетпіс жасымен құттықтап, жылы лебізді мақала жазған екен. Өзінен бір-екі жас қана үлкен Көпен Әмірбекті «көке» дегенінен де Аманхан ағамыздың ақкөңілі, үлкенге ізеті үзілмеген

інілігі, оңтүстікке тән бауырмал кішілігі мен кісілік қасиеті аңғарылып тұр екен... Бұл Аманхан ағамның соңғы мақаласы болса керек...

Таңғы төрттерде бұрын парақшасына қойған «Өлең оқиық достар» жазбасына қайта оралып соғыпты. Қайтпас сапарға кетіп бара жатып, қаншама жыл жансерігі болған қара өлеңге қайта бір қайырылып, соңғы рет қарағаны екен де...

Мынандай қиын кезеңде кетіп қалғаны да қиын болды... Қалың ел қоштасып қалатын, басына барып топырақ салатын ақын еді... Алла ісіне амал жоқ!... Арты қайырлы болсын!

Отбасына, Күләй жеңгемізге, туған-туыстарының ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтамыз... Алды пейіш, арты кеніш болғай. Алла алдынан жарылқасын. Ұрпақтарына құдай ұзақ ғұмыр берсін.

Иманы саламат болсын!

Қазыбек ИСА

Хабарландыру

Әуе кемелерінің ұшып-қонуы мен авиация қауіпсіздігі жайында ашық тыңдау болады

«Аэропорт Усть-Каменогорск» АҚ 2019 жыл қорытындысы бойынша көпшілікке арналған есебінің тыңдауы болатынын хабарлайды:

1) Реттелетін қызметтерді ұсыну бойынша бекітілген тарифтік сметаларды орындау туралы:
- ӘК ұшуын және қонуын қамтамасыз ету бойынша;
- авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша;
- ӘК қону әуежайында тұрақ орнын ұсыну бойынша;
- ӘК базалық әуеайлақта тұрақ орнын ұсыну бойынша.
2) Бекітілген инвестициялық бағдарламаларды орындау туралы:
- ӘК ұшуын және қонуын қамтамасыз ету бойынша;
- авиациялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету бойынша 2019 жылдың бірінші жартыжылдығының қорытындылары бойынша ашық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Тыңдаулар 2020 жылдың 30 шілде күні сағат 14:00-де: Қазақстан Республикасы, ШҚО, Өскемен қ., Бажов к., 566 мекенжайында өткізіледі. Барлық сұрақтар бойынша – әкімшілік ғимарат, қабылдау бөлмесі, 8 (7232) 77-81-00 телефонына хабарласуға болады.

Объявление

Открытые слушания будут проведены по взлёту и посадке воздушных судов и авиационной безопасности

АО «Аэропорт Усть-Каменогорск» объявляет о проведении публичных слушаний отчета по итогам 2019 года:

1) Об исполнении утвержденных тарифных смет по предоставлению регулируемых услуг:
- по обеспечению взлета и посадки ВС;
- по обеспечению авиационной безопасности;
- по предоставлению места стоянки ВС в аэропорту посадки;
- по предоставлению места стоянки ВС на базовом аэродроме.
2) Об исполнении утвержденных инвестиционных программ:
- по обеспечению взлета и посадки ВС;
- по обеспечению авиационной безопасности.

Слушания состоятся 28 апреля 2020 года в 14-00, по адресу: Республика Казахстан, ВКО, г. Усть-Каменогорск, ул. Бажова 566. По всем вопросам обращаться – административное здание, приемная, тел: 8 (7232) 77-81-00.

БОКС БЕКЗАДАСЫ БЕКЗАТ



Бүгін БОКС БЕКЗАДАСЫ БЕКЗАТТЫҢ туған күні!

Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш қазақ Олимпиада чемпионы Бекзат Саттарханов тірі болғанда қырық жасқа толар еді!..

Олимпиада чемпионы Бекзат Саттарханов пен Олимпиаданың күміс жүлдегері Мұхтархан Ділдабеков екеуі 2000 жылы Сиднейден жеңіспен оралған кезде қалың елмен бірге қарсы алғанымыз бар еді. Екі бауырым да «көкелеп» алтын мен күміс медальдарын мойныма таға салып, екеуі екі жағымда тұра қалып, суретке түскеніміз бар. Ол сурет кейін белгілі акын, баспагер Темірғали Көпбаев пен өмірден ерте кеткен дарынды жазушы Есжан Айнабек екеуі құрастырған «Бекзат» атты көлемді де, көркем кітап-альбомда жарияланды.

Бекзат Олимпиада финалында 1999 жылғы әлем чемпионы, америкалық Рикардо Хуареспен шайқасты. Американың бокстан мандайына басқан жалғыз үміті Рикардо Хуарес финалға 1996 жылғы Олимпиада чемпионы, тайландық Самлук Камсингті, Еуропа чемпионы, ресейлік Камил Жамалутдиновты жеңіп шыққан белгілі боксшы болатын. Ал Қазақ Бекзат Саттархановтың есімін бұған дейін ешкім естімеген еді...

Алашты Алла қолдап, Бекзат америкалық апайтөсті айқын басымдылықпен, 22:14 есебімен тізе бүктіріп, Қазақ Елінің 20 жыл күткен Олимпиада алтынын алып берді.

Сол жылы енді ғана алғашқы нөмірлері шыға бастаған «Қазақ үні» газетінде (ол кезде «Жас қазақ үні») жазып едік, тағы да қайталап өтейік. Бекзат туған 1980 жылы Мәскеуде балуан Жақсылық Үшкемпіров тұңғыш қазақтың Олимпиада чемпионы атанды. Сонымен бірге әйгілі қазақ боксшысы, Кеңес Одағы құрамасының капитаны Серік Қонақбаевтың алып тұрған алтыны саясаттың салқынымен капиталистік елдерден жалғыз келген италиялық Патрицио Оливаға сусып кетті. 300 миллиондай тұрғыны бар Кеңес Одағы түгел жанкүйер болған Олимпиаданың ақтық сайысын теледидарға телміріп көріп отырған Бекзаттың анасы Сырлықүлдің қолдан шығып кеткен қазақ алтынына қамығып, көзінен аққан жасы тербетіп жатқан бесіндегі Бекзаттың бетіне тамып кеткен еді. Содан 20 жыл өткесін Бекзат ата-анасының ғана емес, Алты Алаштың арманын орындап, алтын алқамен оралды.

Қазақтың төрт боксшысы бірдей финалға шыққан Сидней Олимпиадасында Ерманхан Ибрайымов та алтыннан алқа тақты. Қазақтың бокстан тұңғыш әлем чемпионы Болат Жүмәділовке төрешілердің төрелігі әділ болмай күмісті иеленді. Ауыр салмақта

тұңғыш Олимпиаданың күміс медалына мұзбалақ Мұхтархан Ділдабеков ие болды.

Сол кезде Алматыда Республика сарайында Оңтүстік Қазақстан облысы әкімі Бердібек Сапарбаев пен облыс әкімі орынбасары Ислам Әбішевтің бастамаларымен облыс түлектерінің «Туған жерге тағзым» атты шарасы өтті. Ол кештің бас кейіпкерлері Оңтүстіктен шыққан Олимпиаданың қос баһадүрі Бекзат пен Мұхтархан болды.

Сол кездегі Бекзаттың келісті келбетіне қарасаң, қатты риза боласың! Қасиетті Түркістанда туған, Алланың қазаққа бере салған Ақиығының ұяндық кетпеген балаң жүзі имандылықпен нұрланып тұратын. Ол сонда өзінің еліне қандай тарихи ерлік жасағанын толық сезініп те үлгермеген болатын.

Кешке Республика сарайында екі Олимпиада оғланы да сөз сөйлеуі керек еді. Бекзат маған: «Көке, кешке сөйлейсің дейді, сөз жазып бересіз бе?»-дейді қысыла күлімсіреп.

3 мың адам жиналған Республика сарайында Бекзат ел алдында сөйлегенде, жазып берген сөзбен шектеліп қалмай, толғанып тұрып, шын жүректен шынайы тілегін жақсы жеткізе білді.

Мен осы шарада Туған жерге арнау жыр оқыдым. Мұхтархан Олимпиаданың жартылай финалында Кубаның атағы жер жарып тұрған боксшысы, өзінен де зор денелі, алпамсадай Алексис Рубалкабаны ауыр соккымен ұрып құлатып, есеңгіретіп тастап, жеңгені аңызға айналып кеткен еді.

Осыған байланысты өлеңімнің арасында Мұхтарханға арнаған бір шумақ бар еді.

Ұмытпасам:

Сайыста жеңіп алуанын,
Атандың күміс жұдырық!
Кубаның түйе балуанын,
Құлата салдың бір ұрып! –

деген шумақты оқығанда, кең сарайда толып отырған ел ду қол шапалақтап тұрып алып, ақыры Мұхтарханға орнынан тұрып, көпшілікке ізет көрсетуіне тура келген еді...

Олимпиададан кейін Бекзат бүкіл елдің ыстық ықыласына бөленіп, қазақтың кең құшағында еркелеп жүрді. Бірақ ғұмыры Алланың жазуымен тым қысқа болды... өкінішке орай...

Сол кезде жаңадан ашылған біздің «Қазақ үні» газетінің өзіне Бекзатқа арналған көптеген ризалық хаттар келетін. Сол хаттардың ішінде бір жас қыздың хаты ерекше болды. Аты қазір есіме түспей тұр, жас қазақтың аруы Бекзатқа деген махаббат сезімін білдіріп жазған еді. Біз оны жариялай салмай, ұстап қалдық. Ондағы ойымыз, алда Бекзаттың өзінен сұқбат алғанда осы хатты оның өз қолына тапсырып, сол кезде жариялау еді. Бірақ ол ойымыз орындалмай қалды... Тәуелсіз Қазақстанның тұңғыш Олимпиада чемпионы сол жылы жаңа ғасырға жарты сағаттай уақыт қалғанда өмірден озып кете барды...

Кейін ол қыздың хаты белгілі композитор Қалдыбек Құрманәлі ұйымдастырған Бекзатты еске алу кешінде оқылды. Кешті жүргізушілердің бірі, әйгілі әнші-актриса Айгүл Иманбаева Бекзаттай дарабозға ғашық болған жас арудың нәзік жүрегінің дүрсілін дүйім елге жеткізді...

Жақында қазаққа Бекзаттай баһадүр сыйлаған әкесі, ардақты Сейілхан ағамыз да, дүниеден өтті... Алаштың бағы болған аймандай ұлының соңынан іздеп кетті... Алды пейіш, арты кеніш болғай деп, Сырлықүл жеңгемізге, отбасы мен туған-туыстарына көңіл айтамыз.

Иә, бүгін 4-ші сәуірде бокс бекзадасы Бекзат Саттарханов тірі болса, қырық жасқа толар еді...

Пейіште нұры шалқи берсін асыл бауырымыздың!

Бекзаттың Жеңісті жолын қуған қазақтың дарабоз ұлдары көбейе бергей деп тілейміз.

Қазақ Елі аман тұрғанда, Бекзат есімі ардақтала беретіні анық.

Қазыбек ИСА,
«Қазақ үні»



ҚАЗАҚТЫҢ МҰҢЫ МЕН ШЫНДЫҚТЫҢ ЖЫРЫ – «ҚАЗАҚ ҮНІ» ГАЗЕТІНЕ ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380
«Қазпошта» арқылы жазылу бағасы:

1 ай	қала	379,24	3 ай	қала	1137,72
1 ай	ауыл/аудан	397,86	3 ай	ауыл/аудан	1193,58
6 ай	қала	2275,44	12 ай	қала	4550,88
6 ай	ауыл/аудан	2387,16	12 ай	ауыл/аудан	4774,32

Республикалық «Қазақ үні» газетінің ұжымы Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты, ҚР Еңбек сіңірген қайраткері Нұртөре Жүсіпке бауыры

Ғалымжан ЖҮСІПТІҢ

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

ҚАДІРІН НҮРТӨРЕ, ДАРХАН!

Аяулы бауырларыңыз Ғалымжан Бәйтәлісұлы Жүсіптің қайтыс болуына байланысты қайғыларыңызға ортақтасып көңіл айтамын. Ел үшін елеулі еңбек еткен Жүсіп халыққа сыйлы азамат еді. Қуанышты болса көбейеді, қайғыны бөлсе аязды. Осынау қиын күндерде халықтың құрметі Сіздерге қуат берсін. Марқұмның жаны жәнната, иманы жолдас болсын!

Сәбит Досанов

Меншік иесі:
«Қазақ үні» ЖШС
КАЗАК ҮНІ

Президент –
Редакторлар кеңесінің төрағасы –
Қазыбек ИСА

Бас редактор – Құлтөлеу МҰҚАШ
Бас редактордың бірінші орынбасары –
Зейнолла АБАЖАН
Бас редактордың орынбасары –
Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
Жауапты хатшы - Гүлмира САДЫҚ

Бөлім редакторлары:
Дастан ЕЛДЕС (орыс редакциясы)
Айнұр АХМЕТ (мәдениет)
Нұржан АСАН (көркемдеуші)

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:

Астана тілшілер қосыны:

Азамат ТАСҚАРАҰЛЫ
(8-702-931-89-86)
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Ақмола облысы:
Бақыт СМАҒҰЛ (8-701-626-77-66)

Арқалық қаласы:
Нұрсұлтан НҮРМАН
(8-702-688-84-87)

Алматы облысы:
Айтақын БҮЛҒАҚ (8-702-239-62-99)
Мәди ИСЛАМ (8-775-119-12-13)

Мырзағали НҮРСЕЙІТ (8-701-771-6496)
Қанат БІРЖАНСАЛ (8-775-323-0850)

Батыс Қазақстан облысы:
Қажымұқан ҒАБДОЛЛА
(8-701-111-61-05)

Жезқазған қаласы:
Жанат АСАНҚАЛИ
(8-702-384-12-00, 8-707-261-20-98)

Сәтбаев қаласы:
Абдолла ДАСТАН
(8-71063) 7-20-97, 8-777-302-46-79)

Қарағанды облысы:
Ахметқали ХАЛЕНОВ (8-701-450-30-18)

Қостанай облысы:
Төлән РАМАЗАНҰЛЫ (8-701-174-06-70)

Семей қаласы:
Рахат АЛТАЙ
(8-775-998-15-39)

Маңғыстау облысы:
Сағындық РЗАХМЕТ (8-775-379-84-88)

Түркістан облысы:
Әбдіғашпар АЙДАП
(8-702-475-75-66, 8-771-390-73-75)

Асылхан ӘЛІ (8-701-626-88-32)

Түркістан қаласы:
Әтіргүл ТӨШІМ (8-702-489-47-23)

Атқарушы директор –
Қаныш ЖАРЫЛҚАСЫН

Тарату бөлімі:

Астанада:
Жасұлан ИСА
(8-776-120-19-72)

Шымкентте:
Мүтән ИСМАЙЫЛ (8-701-692-1340),

Астанада «Алты Алаш» (87015728847)
дүңгіршіктерінде сатылады

Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігінде
19.12.2012 жылы тіркелген.
Куәлік №13976-Г (Алғашқы куәлік
№1270-Г, 01.08.2000 жыл).

Автордың пікірі мен редакция көзқарасы
сәйкес келе бермейтінін ескертеміз. Қолжаз-
балар өңделеді және қайтарылмайды.

Жарнама мәтініне жарнама беруші жауап
береді.

Газеттен көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы
шарт.

Газетте «Қазақпараттың» материалдары
пайдаланылды.

Газет «Қазақ үні» компьютер
орталығында беттелді

АЙЛЫҚ ТАРАЛЫМЫ – 60 400

ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ – 65380

Редакцияның мекен-жайы:

050006, Алматы қаласы, Қалқаман-3
ықшамауданы, С. Сейітов көшесі, 11 үй

Байланыс телефоны:
8 (727) 398-57-31

E-mail: qazaquni2000@gmail.com
www.qazaquni.kz

Кезекші редактор –
Зейнолла АБАЖАН

ТОО «Қазақ үні»
БИН 000540006784
ИИК KZ50856000000385541
АГФ АО «БанкЦентрКредит»
г. Алматы, БИК КСЖВКЗХХ, КБ 17
Газет «Алматы-Болашақ» баспаханасында басылды.
Алматы қ. , С. Мұқанов к. , 223 б.
Көлемі: 6 баспа табақ

А – материалдың жариялану ақысы төленген